

БАЙГУНАКОВ ДОСБОЛ СУЛЕЙМЕНОВИЧ

**Ежелгі Қазақстан тарихының тарихнамасы
(палеолиттен ерте орта ғасырларға дейін)**

07.00.09 – Тарихнама, деректану және тарихи зерттеу әдістері

Тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған
диссертацияның

АВТОРЕФЕРАТЫ

Жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының Шығыстық деректану, Шығыс халықтарының тарихы мен мәдениеті бөлімінде орындалды.

Ғылыми кеңесші:	тарих ғылымдарының докторы, профессор К.Л. Есмағамбетов
Ресми оппоненттер:	тарих ғылымдарының докторы, профессор Т.Ә. Төлебаев
	тарих ғылымдарының докторы, профессор Р.Ж. Кадысова
	тарих ғылымдарының докторы, доцент Т.З. Қайыркен
Жетекші ұйым:	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті

Диссертация 2010 жылы 10 қыркүйекте сағат 14.30-да Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының жанындағы тарих ғылымының докторы дәрежесін беру жөніндегі Д 55.40.03 Диссертациялық кеңестің мәжілісінде қорғалады. Мекен-жайы: 050010, Алматы қаласы, Құрманғазы көшесі, 29.

Диссертациямен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым Комитетінің Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғылыми кітапханасында танысуға болады. Мекен-жайы: 050010, Алматы қаласы, Құрманғазы көшесі, 29.

Автореферат 2010 жылдың 30 шілдеде таратылды.

**Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы,
тарих ғылымдарының докторы**

Ә.Қ. Муминов

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыс ежелгі Қазақстан тарихының тарихнамасына арналған. Археологиялық қазба материалдары мен жазба дереккөздері негізінде тас, палеометалл, ерте темір дәуірлеріндегі тарихи үрдістерді, оқиғалар мен құбылыстарды зерделеген еңбектерге тарихнамалық талдау жасалынған.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Кез келген өркениетті ел өз тарихының тамырын тереңнен іздестіреді. Тарихының бастауын ежелгі дәуірлерден тартқан мемлекет мызғымас саяси-идеологиялық сана қалыптастыра алатындықтан, онда ұлттық құндылықтар негізінде қоғамдық келісім және демократиялық өрлеу, нарық пен ғылым байланыстары дамиды. Сондықтан да ұлттың келешегі мен болашағы үшін өткенге бет бұру, одан сабақ алудың маңыздылығы ешқашан төмендеген емес.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін жариялағаннан кейін қазақ халқының бұрын «ақтаңдақ» болып келген тарихы қайта жазылып, сан алуан мәселелер заман талабына сай өзінің ғылыми бағасын алуда. Әсіресе, Қазақстанның ортағасырлық, жаңа және қазіргі заман тарихында орын алған көптеген мәселелер қайтадан қарастырылып, жүздеген іргелі еңбектер жарияланды. Алайда жекелеген мәдени-тарихи кезеңдердің проблемасын көтерген археологиялық бағыттағы бірен-саран ізденістерді есептемегенде, әлі күнге дейін ежелгі Қазақстан тарихын арнайы толымды түрде қарастырған монографиялық зерттеулер тұрмақ, оқу құралдары, оқулықтар жоқтың қасы екендігі белгілі. Бұл өз кезегінде шетелдік тарихнамада, анықтамалық басылымдар мен көптомдық еңбектерде Қазақстанның көне дәуірі туралы тарих беттерінің толыққанды баяндалмай жатуына алып келуде. Мұндай олқылықтар орнын толықтыратын тарихнамалық бағыттағы ғылыми ізденістер екендігін ескерсек, онда осы зерттеу тақырыбының өзектілігі өздігінен-ақ байқалады.

Қазақстанның көне тарихынан орын алған сан қырлы да маңызды құбылыстар мен оқиғаларды, өзіндік өркениеттер мен мәдениеттер арақатынасын, олардың өзара байланысын білмеу республикамен іргелес жатқан көрші мемлекеттердің де (РФ, ҚХР, Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғызстан, тіпті Моңғолия, Шығыс Еуропа мен Орталық Азия елдері) ілкі замандардағы тарихын танып-білудің мүмкіндігін шектейді. Себебі Еуразия төскейінде орналасқан Қазақстан аумағы арқылы ондаған ғасырлар бойы сауда жолдары жүрді, көптеген тайпалар мен халықтардың тарихи тағдыры тоғысты, республика аумағы әлденеше рет Ұлы қоныс аудару толқындарын бастан кешірді, миграциялық процестер мен әскери қақтығыстар алаңына айналды. Мұнымен қатар Қазақстан аумағынан ауа көшкен халықтардың біраз бөлігі көне дәуірлерде Еуразия саяси-экономикалық картасын өзгертіп те жібергендігі белгілі.

Соңғы жылдары Қазақстанның ежелгі тарихына кеңінен назар аударыла бастады. Жазба дереккөздері мен археологиялық материалдар негізінде көне қоғам өмірінде орын алған түрлі жайттарға, соның ішінде археологиялық мәдениеттердің қалыптасуы мен дамуына, шаруашылық қаракеттерге, діни

көзқарастар жүйесіне, ежелгі өнер мен мәдениет жәдігерлеріне, антропологияға, қоғамдық құрылыс, мемлекеттілік пен билікке қатысты мол мағлұматтар жинақталды. Бұған «Мәдени мұра» атты Стратегиялық Ұлттық Жоба оң септігін тигізді. Бағдарлама аясында көне дәуірлердегі тарихи оқиғаларды баяндаған түрлі тілдердегі (қытай, парсы, грек, т.б.) дереккөздері қайта басылып шықты, бірқатары қазақ тіліне аударылды, ғылыми айналымға жаңа деректемелер енгізілді. Әрбір мәдени-тарихи кезеңдердің негізгі археологиялық ескерткіштері жүйелі түрде зерттелінді. Атқарылған осындай игі шаралардың, соның негізінде жасалған ғылыми ізденістердің басым бөлігі жүйелі талдаудан өте қойған жоқ. Яғни ежелгі Қазақстан тарихының тарихнамасы толық қалыптасқанымен, бұл тақырып арнайы зерттеу нысанына айналған жоқ.

Жаңадан алынған материалдар мен олжалардың көптігіне қарамастан, көне дәуірлердегі түрлі тарихи кезеңдер мен құбылыстарды зерттеу әртүрлі деңгейде. Мұны деректемелік қордың әр алуандығымен де түсіндіруге болады. Осы кезеңдегі тарихи даму заңдылықтары археологиялық, палеоантропологиялық, этнологиялық, эпиграфикалық және жазбаша дереккөздері пайдаланғанымен, кейде барлығын бір ізге түсіріп, іргелі еңбек жазу жасала қоймаған. Сайып келгенде, Қазақстанның ежелгі тарихы бойынша дереккөздерінің басым бөлігін археологиялық мәліметтер құрайды. Кейінгі жылдары археологиялық далалық ізденістер барысында кең байтақ республика жерінен ілкі замандармен мерзімделінетін жүздеген тұрақтар, петроглифтер шоғыры, қоныстар, қорымдар, жекелеген обалар мен ғибадатхана орындары анықталған. Далалық қазба жұмыстарымен айналысқан археологиялық экспедициялардың негізгі нәтижелері мен қорытындыларын, деректанумен айналысқан ғалымдардың ой-пікірлерін ғылыми талдаудан өткізу, өзге мамандық иелері алған мағлұматтары саралаумен қатар, қазақтың көне тарихын көпе-көрнеу бұрмалаған еуроцентристік пиғылдағы зерттеушілердің еңбектері бар екендігін ұмытпаған жөн. Сол себепті ежелгі Қазақстан тарихына тарихнамалық талдау жасаудың қажеттілігі күн өткен сайын артып келеді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігін бұрын осы тақырыпқа бірде-бір ғылыми ізденістің арналмағандығынан нақты көруге болады. Жекелеген ғалымдардың ізденістерінде белгілі бір өңірдегі немесе мәдени-тарихи кезеңдегі тарихи даму көтерілгенімен, мұндай зерттеу жұмыстарының барлығын тарихи тұтастықта біріктіріп, соны пайымдаулар мен тұжырымдамаларды саралау, алынған нәтижелер мен түйіні түйіткілді мәселелерді шешудің негізгі бағыттарын айқындау жүзеге аса қоймаған. Әлі күнге дейін ғылыми әдебиетте ежелгі Қазақстан тарихының мәселелеріне қалам тартқан отандық және шетелдік зерттеушілердің түрлі ұстанымдарын кешенді түрде қарастырған еңбектер жоқ.

Ежелгі Қазақстан тарихының тарихнамасы біртұтас қарастырылғанда барып ортағасырлық кезеңдегі тарихи заңдылықтар мен күрделі үрдістерді ашып көрсету аясы біршама жеңілдейді. Өйткені бұл уақытта орын алған саяси, әлеуметтік және экономикалық құбылыстар көп жағдайда алдыңғы дәуірмен жалғасып жатқандығы белгілі. Ал оларды дұрыс шешу үшін ежелгі замандардағы жайттарды қарастырған абзал.

Жалпы алғанда, ежелгі Қазақстан тарихының тарихнамасы ғылыми жағынан өте маңызды, бүгінгі күн талаптары жағынан өзекті тақырыптар қатарына жататындығы анық.

Ежелгі Қазақстан тарихының проблемаларын, олардың сипаты мен мазмұнын зерделеген ғалымдардың еңбектері **зерттеу жұмысының нысаны** болып саналады.

Зерттеу жұмысының пәніне патшалық Ресей тұсындағы, кеңестік дәуірдегі және тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан көне дәуірлері тарихындағы үрдістердің зерттелу деңгейін анықтауға, «ақтаңдақ» тұстарын айқындауға мүмкіндік беретін отандық және шетелдік әдебиетте айтылған ой-пікірлер, ғылыми ұстанымдар, пайымдаулар мен көзқарастар жатады.

Зерттеу жұмысының мақсаты – ежелгі Қазақстан тарихын зерделеген еңбектерге тарихнамалық талдау жүргізіп, алынған нәтижелері мен ғылыми жетістіктерін саралау болып табылады.

Осы мақсатқа жету үшін зерттеу жұмысының алдына мынадай **міндеттер** қойылды:

1) көне дәуірлерге қатысты теориялық, методологиялық мәселелерді қарастыру;

2) ежелгі Қазақстан тарихын зерттеуге өзіндік үлесін қосқан археологиялық экспедициялар тарихын бір ізге түсіру арқылы қорытындылары мен негізгі нәтижелерін айқындау;

3) жекелеген ғалымдардың белгілі бір мәселеге қатысты айтылған пайымдауларын, тұжырымдамаларын анықтау;

4) жазба дереккөздерінің шынайылық дәрежесін анықтай отырып қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне қатысты мәтіндер іздестіру;

5) «Мәдени мұра» Стратегиялық Ұлттық Жобасы бойынша зерттелініп жатқан археологиялық ескерткіштер мен жазба дереккөздеріне қатысты ізденістерді саралау;

6) көне дәуірлерге жататын археологиялық ескерткіштердің кезеңдестірілуіне, хронологиясына тарихнамалық талдау жүргізу;

7) әрбір мәдени-тарихи кезеңде тіршілік еткен халықтардың расалық типтерін анықтаған палеоантропологиялық ізденістердің негізгі тұжырымдарын бір ізге түсіру;

8) ілкі замандардағы діни сананы жүйелеп, наным-сенімдердің дамуына тарихнамалық шолу жасау;

9) ерте замандардағы қоғамдық құрылысқа, мемлекеттілік пен билікке қатысты айтылған ой-пікірлер аясын бағамдау арқылы осы мәселелердің отандық тарихнамада негізгі түйіні қандай дәрежеде екендігін көрсетіп беру;

10) ерте темір дәуіріндегі этнонимдерге тарихнамалық талдау жүргізу;

11) көне мемлекеттердің астаналарына және тайпалар мен халықтардың орналасқан аумағын қатысты айтылған көзқарастарды тарихнамалық тұрғыдан зерделеу.

Зерттеу жұмысының теориялық және методологиялық негіздері. Диссертациялық жұмыстың теориялық негізіне зерттеу мақсаты мен міндеттерінен туындайтын, көтерілген мәселелерге оң бағдар беретін ғылыми

бағыттағы көзқарастар алынды. Теорияда тарихты зерттеудің жалпы мәселелері шынайылық пен таным тарихы ретінде қарастырылатындығы, сондай-ақ тарихшының теориялық ұстанымы көп жағдайда оның таңдауына немесе дербес шығармашылық ізденісіне байланысты екендігі белгілі. Қазіргі таңда «методология» түсінігі тарихи танымның біртұтас теориялық негіздерін, оның теориялық сипаттағы проблематикасын да қамтитындығы айтыла бастады. Кезінде тарихи танымның дамуы оның методологиялық негіздерінің де дамуына жол ашқан еді. Бүгінгі күні белгілі болып отырған бір нәрсе – тарих ғылымында методологияның ешқандай да жалғыз нұсқасы жоқ, оның қалыпты жағдайының өзгеруіне байланысты, методологиялық ұстанымдары да өзгеріп отырады.

Диссертациялық жұмыста жан-жақтылық, нақтылық және объективтілік принциптері басшылыққа алынды. Алайда әрбір тарихи тақырыпқа қойылатын нақтылы талаптар бар екендігін ескерсек, онда зерттеу жұмысында көтерілген алуан түрлі тақырыптарға да белгілі бір ғылыми принциптер мен әдістердің таңдап алынуы заңды құбылыс ретінде қабылданды. Ең алдымен олардың арасынан тарихи таным құрылымында зор мәні бар тарихилық принципін атап кетуге болады. Ол тарихи танымның түпкілікті ерекшеліктерін айғақтайтын, қоғамдық ортада құбылыстың сипаты мен өзіндік өзгешелігі туралы түсініктерді түйіндейтіндіктен, диссертациялық ізденісте кеңінен қолданылды.

Жұмыста тарихи зерттеу әдістерінің молынан қолданылуын, тақырып күрделілігі мен оның хронологиясының ауқымдылығы айқындайды. Сипаттау әдісі негізінде азды-кемді археологиялық ескерткіштердің зерттелуі жеке авторлардың өмірбаяндық, дүниетанымдық материалдарымен ұштастырылып, бір жүйеге келтіру мақсатында ішінара қолданылып отырды. Ал, мүмкіндігі мен қолдану қажеттілігі таным нысанының сипатына тікелей қатысты болып келетін салыстырмалы-тарихи әдіс, танымдық шеңберінің ауқымдылығына байланысты, диссертациялық жұмысымызда кеңінен қолданылды. Оның аналогия жасау, зерттеу нысанының мәні мен мазмұнының сипатын анықтау, типология тәсілдері секілді сатылары да қамтылды. Жекелеген құбылыстар ғана емес, бүтін бір тарихи дәуірлерді зерттеуде ретроспективті әдістің маңызы зор болғандықтан бұл әдіс те назардан тыс қалған жоқ. Терминологиялық талдау әдісі темір дәуіріндегі этнонимдерге тарихнамалық талдау жүргізу барысында қолданылып отырды. Оның топонимикалық және антропонимикалық талдау секілді құрамдас бөліктері назарға алынды. Сондай-ақ тарихи құбылыстарға өлшем мен модельдеу әдісі де еске алынды.

Түйіндеп айтқанда, жұмыста тарихи зерттеудің кеңінен танылған ғылыми әдістері мен талдау тәсілдері, соның ішінде тарихилық, құрылымдық-функциялық талдау, салыстырмалы талдау, жүйелілік, т.б. басшылыққа алынды. Әсіресе, бұлардың арасынан жүйелілік зерттеудің методологиялық негізгі принциптерінің бірі ретінде қарастырылды, себебі бірнеше дәуірлерді қамтыған мәселелер (діни наным-сенім, антропология, қоғамдық құрылыс, т.б.) көтерілген кезде осы принцип, сонымен қатар археологиялық ескерткіштердің зерттелуі мен жазба дереккөздерінің пайымдалуын сипаттауда, отандық ғылымның жетістіктері мен олқы тұстарын анықтауда тақырыптық-хронологиялық принциптер кеңінен қолданылды деуге болады.

Тақырыптың зерттелу деңгейі мәдени-тарихи кезеңдердің зерттелуімен тікелей байланысты. Бастапқы кезде ежелгі Қазақстанның көне тарихы мен мәдениетін зерттеу патшалық Ресей тұсында басталды. Жекелеген ғалымдар мен орыс шенеуніктері, Орынбор мұрағаттық комиссиясы, Түркістан археология әуесқойлары үйірмесі, т.б. қоғамдық ғылыми-зерттеу бірлестіктерінің мүшелері ежелгі тарихқа азды-кемді ден қойды. Осы кездері жазба дереккөздері де қарастырылды. Одан кейін кеңестік дәуірде бұрынғы деректік қор одан сайын толыға түсті, іргелі археологиялық экспедициялар құрылды, антикалық дәуірдегі деректемелер жүйелі түрде қарастырыла бастады. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін республика аумағында отандық зерттеушілермен бірге шетелдік әріптестер де ғылыми жұмыстармен айналыса бастады, халықаралық археологиялық экспедициялар жасақталып, сан алуан дереккөздері ғылыми айналымға енді. Нәтижесінде ежелгі Қазақстан тарихын тарихнамасын түзуге мол мүмкіндіктер ашылды.

Қазақстан тарихы палеолит дәуірінен басталады десек, онда мәселенің зерттелу тарихын да осы дәуір ғылыми мәселелерімен айналысқан мамандарға тиесілі іргелі еңбектерден бастаған дұрыс. Бұл жерде Х.А. Алпысбаев пен А.Г. Медоев сынды ғалымдарды ерекше атап кеткен жөн. Бұл ғалымдардың ізденістерінен қазақстандық палеолиттану негізі қаланған еді. Палеолит дәуіріндегі мәселелерді шешуге қомақты үлесін қосқан ғалымдардың бірі Ж.Қ. Таймағамбетов [1] болып табылады. Оның ізденістерінде палеолит дәуірінің зерттелуі, жекелеген ескерткіштердің материалдары, адамзат дамуының күрделі сауалдары қарастырылды. Сонымен қатар О.А. Артюхова еңбегінде мустье, Ж.Қ. Таймағамбетов пен Д.В. Ожерельев ғылыми ізденісінде кейінгі палеолит мәселелері арнайы көтерілді. Сондай-ақ М.Н. Клапчук, Б.Ж. Аубекеров, В.С. Волошин, М.Р. Касымов, Л.Б. Вишняцкий, т.б. мамандардың еңбектерінде республика аумағындағы палеолиттік ескерткіштердің бірқатар проблемалары қарастырылған болатын. Тас дәуіріндегі зерттеулерге тәуелсіздік жылдарында жаңа қарқын берген академик А.П. Деревянко бастаған ресейлік ғалымдардың (В.Т. Петрин, А.Н. Зенин, А.Г. Рыбалко, А.А. Цыбанков, т.б.) еңбектері болып табылады. Қазба жұмыстарының барысында жүзден астам тас дәуірі ескерткіштері анықталған. Алынған материалдар нәтижесінде Қазақстанды адамзаттың қоныстануы, тас құралдар эволюциясы, палеоэкология, т.б. күрделі мәселелерді шешуде оң қадамдар жасалынды.

Мезолит пен неолит дәуірлері де ғалымдар тарапынан зерттелінді. Осы жерде С.С. Черников, Л.А. Чалая секілді одақтық экспедицияларды басқарып, республика шығыс және солтүстік өңірлерінде зерттеу жүргізген ғалымдардың еңбектері зор екендігін айта кеткен абзал. Алайда неолитке қарағанда мезолиттік ескерткіштерді зерттеу кемшін тартып жатыр. Мұны дәуірдің өзіндік ерекшеліктерімен түсіндіруге жөн. Осы мәдени-тарихи кезеңдердің көптеген нысандарына Қазақстандық ғалымдардан В.Ф. Зайберт, В.Н. Логвин, Ғ.Т. Бексеитов, Ғ.Т. Исаков, В.К. Мерц, т.б. зерттеу жүргізген. Бұл зерттеушілердің еңбектерінде белгілі бір аумақтардың тас дәуірі ескерткіштері қарастырылып, тарихи дамуы анықталды. Олардан басқа тас дәуірінің мәселелеріне бірқатар мамандар (А.Ю. Чиндин, А.Е. Астафьев, Е.В. Подзюбан, А.В. Логвин, т.б.)

жекелеген еңбектер арнаған. Басқа дәуірлерге қарағанда археологтар тарапынан тас дәуіріндегі ескерткіштердің зерттелу тарихы мен негізгі мәселелері толымды түрде зерделенген [2].

Жоғарыда аталған мамандардың көпшілігі энеолит дәуірлерін де зерттеуге мол үлестерін қосқан, салихалы қорытындылар жасай білген. Мұны отандық археология тарихнамасында энеолит дәуірі тас дәуірі ескерткіштерімен бірге жиі қарастырылатындығымен де түсіндіруге болады. Энеолит те мезолит секілді археологиялық нысандары аз зерттелген дәуір болып табылады. Басқа өңірлерге қарағанда солтүстік аймақтардан энеолит ескерткіштері толымды түрде қарастырылып, бірқатар археологиялық мәдениеттері анықталған. Дәуір ескерткіштерінің өзіндік ерекшеліктерін В.Н. Логвин, С.С. Қалиева, сондай-ақ В.Ф. Зайберт [3] көрсетіп берген, мәдени дамуын айқындаған. Ал С.В. Захаров сынды зерттеуші энеолит дәуірі ескерткіштерінің зерттелу тарихын жүйелеп шыққан. Энеолит және одан басқа да тарихи дәуірлердің бірқатар мәселелері кейбір ғалымдардың (В.И. Зайтов, В.К. Мосин, т.б.) еңбектерінде де қарастырылған.

Қазақстанда кеңінен зерттелінген ірі мәдени-тарихи кезендердің бірі қола дәуірі болып табылады. Ұзақ жылдар бойы жүйелі зерттеулер нәтижесінде көптеген археологиялық мәдениеттер анықталып, ғылыми айналымға жүздеген қоныстар мен қорымдардың материалдары енген. Дәуірді зерттеу тарихын өткен ғасырдың алғашқы жартысында-ақ археологиялық экспедициялар жасақтап, ұзақ жылдар бойы жүйелі жұмыстар жүргізген С.С. Черников, А.Н. Бернштам секілді ғалымдардың еңбектерінен бастаса да болады. Осы уақыттарда зерттеу жұмыстарын жүргізген М.П. Грязнов, П.С. Рыков, М.Н. Комарова, К.В. Сальников, т.б. еңбектерінің ғылыми мәні зор екендігін атап кетуге болады. Аты аталған ғалымдардың ізденістері Қазақстан аумағы қола дәуірі мәдениеттері таралған ірі мәдени ошақ екендігі дәлелдеген еді.

Қола дәуірі ескерткіштерін зерттеумен екінші дүниежүзілік соғыстан соң отандық зерттеушілер де кеңінен айналыса бастады. Орталық Қазақстанда жүргізілген бірнеше жылдық археологиялық ізденістер кейіннен Ә.Х. Марғұлан, К.А. Ақышев, М.Қ. Қадырбаев, Ә.М. Оразбаев сынды ғалымдардың бірлескен іргелі жұмысында көрініс тапты [4]. Қола дәуірінің бірқатар проблемаларын Ә.Х. Марғұлан [5], К.А. Ақышев, Ә.М. Оразбаев, т.б. өз еңбектерінде қамтып өтіп, мәдени даму аясын белгілеп берді. Қазақстандық және одақтас республикалардың ғалымдары (С.П. Толстов, Е.И. Агеева, А.Г. Максимова, Ф.Х. Арсланова, Т.М. Потемкина, Г.Б. Зданович, С.Я. Зданович, Е.Е. Кузьмина, В.В. Евдокимов, А.С. Ермолаева, В.В. Варфоломеев, т.б.) тарапынан далалық ізденістер барысында алынған дәуірдің бірқатар тұрақтарының материалдары жарияланды. М.Қ. Қадырбаев пен Ж.Қ. Құрманқұлов секілді ғалымдардың монографиясында Бетпақдала өңіріндегі қола дәуіріне жататын нысандардан алынған ақпараттық материалдар жайында әңгіме қозғалған еді [6]. Археологтар В.В. Варфоломеев, К.М. Қарабаспақова, Н.А. Ткачева, Э.Р. Усманова секілді зерттеушілер еңбектерінде белгілі бір мәдени-тарихи өңірлердің қола дәуірі ескерткіштері қарастырылды. Археологиялық материалдар бойынша қола дәуіріндегі діни наным-сенімдер И.А. Кукушкин, баспаналар мен үй

құрылысының жай-күйі Ю.А. Лысенко, тау-кен ісі С. Жауымбаев ізденістеріне арқау болды. Басқа да зерттеушілер (С.А. Агапов, В.Г. Ломан, А.В. Рогожинский, А.А. Ткачев, А.Н. Марьяшев, Ю.А. Мотов, А. Горячев, т.б.) еңбектерінде белгілі бір археологиялық кешендер жайында толымды ақпараттар беріліп отырды. Сондай-ақ В.В. Ткачев, В.В. Евдокимов, Е.Е. Кузьмина, М.А. Итина, Л.Т. Яблонский еңбектерінде, сонымен қатар А.З. Бейсенов пен В.В. Варфоломеев [7] монографияларында белгілі бір өңірлердегі қола дәуірі мәдениеттері жөніндегі пікірлер ғылыми талдаудан өткен. Есімдері аталған ғалымдардың зерттеулері қола дәуірінің тарихи дамуын әр қырынан көрсетіп берді, бірқатар мәдени-тарихи өңірлерде оның даму ерекшеліктері мен ортақ заңдылықтарын айқындады.

Ерте темір дәуіріндегі тарихи мәселелерді де жоғарыда есімдері аталған археолог-ғалымдардың біразы ғылыми еңбектерінде көтерген. Мәселен, К.А. Ақышев пен Г.А. Кушаев [8], З.С. Самашев, Ә.Т. Төлеубаев, Г.С. Жұмабекова [9], М.К. Хабдулина [10], А.М. Досымбаева [11], сондай-ақ А.Н. Подушкин, А.З. Бейсенов, Ә.К. Ақышев, Г.С. Жұмабекова, Ғ.А. Базарбаева, т.б. ерте темір дәуіріндегі тайпалардың жерлеу ескерткіштері, қоғамдық құрылысы, тарихы мен мәдениеті туралы проблемаларды қаузады. Жекелеген зерттеушілер (Ж. Құрманқұлов, Ғ. Омаров, Ж. Жетібаев, А. Бейсембаев, А. Оңғар, Ұ. Үмітқалиев, т.б.) де өз еңбектерінде ерте темір дәуіріне жататын археологиялық нысандардың материалдарын жарыққа шығарып келеді. Сайып келгенде, отандық тарихнамада археологиялық зерттеулердің нәтижесінде бірнеше мәдени-тарихи қауымдастық пен археологиялық мәдениеттер анықталды, ғылыми айналымға енген материалдар негізінде қоғамдық даму, діни-мифологиялық көзқарастар жүйесі, жерлеу ғұрпындағы өзгешеліктер, тұрмыстық-шаруашылық бұйымдар эволюциясы анықталды. Бұл жерде жартас суреттерін тарихи дереккөзі ретінде саралап шыққан З.С. Самашев зерттеуін [12] ерекше атап кетуге болады. Ол Республика аумағынан табылған тасқа шекілген суреттердің мән-мағынасын, архетиптерін анықтап, оларды талдау негізінде хронологиясы мен этномәдени атрибуциясын, семантикалық интерпретациясын жасап шықты.

Археологиялық материалдар негізінде алынған палеоантропологиялық деректік қорды зерттеген ғалымдардың ғылыми ізденістері де ежелгі Қазақстан тарихы тарихнамасында маңызды орын алады. Олардың арасынан әрбір мәдени-тарихи дәуір материалдарын зерттеумен шұғылданған академик О. Ысмағұловты және т.б. кеңестік, ресейлік мамандарды (Г.Ф. Дебец, В.В. Гинзбург, Т.А. Трофимова, т.б.) атап кетуге болады.

Ежелгі Қазақстан тарихына қатысты жазба дереккөздері ғылыми талдаудан өткендігі отандық тарихнамада кеңінен белгілі. Бастапқыда бұл проблемамен патшалық Ресей тұсында көптеген авторлар (А.Н. Аристов, В.В. Григорьев, т.б.) айналысқан. Шетелдік ғалымдар да аталған мәселемен шұғылданып, салихалы қорытындылар жасаған болатын. Олардың ізденістерін зерттеген мамандардың бірі К.Л. Есмағамбетов [13] шетелдік тарихнамада Қазақстан тарихының сан алуан проблемаларына қатысты айтылған тұжырымдар мен пайымдауларды зерделеген. М.Т. Лаумулин, Т.К. Бейсембиев еңбектерінде библиографиялық

әдіс негізінде ежелгі авторлардың ой-пікірлері жүйеленген. Ерте темір дәуірінде тарихтың қалтарысты тұстары шығыстанушы Ю.А. Зуевтың іргелі еңбегінде кеңінен саралаудан өткен [14]. Бұл дәуірде тіршілік еткен халықтардың қытай тіліндегі баяны О. Мұхтархан, қаңлылар тарихи шежіресі Ә. Қайдар сынды мамандардың ізденістерінде талданған. Сондай-ақ көне замандардағы бірқатар шежірелер жеке жинақ болып басылып шыққандығы баршаға аян. Мұндай бағыттағы ізденістер бастапқыда патшалық Ресей тарихнамасында (Н.Я. Бичурин) көтерілсе, кеңестік дәуірде бірқатар мамандар тарапынан (Н.В. Кюннер, Л.А. Боровкова, т.б.) өз жалғасын тапқандығы белгілі. Қазақстандық зерттеушілер (Б. Еженханұлы, Н. Мұқаметханұлы, С. Сұңғатай, Ә. Дәулетхан, т.б.) тарапынан көне дереккөздеріне ден қойылып келеді. Әсіресе, антикалық және византиялық дереккөздері А.Н. Гаркавец құрастырған жинақта толымды түрде қамтылды, құрастырушы әрбір автордың өмірбаянына тоқтап, жазба мәтіндеріндегі бірқатар мәселелерге түсініктеме беріп кетті [15]. Жазба дереккөздерін ғылыми саралаудан өткізген мамандардың еңбектері бойынша бүгінгі таңда ерте темір дәуірінде тіршілік еткен түрлі этностардың саяси тарихы, этникалық мәселелері, қоғамдық қатынастары, миграциялық үрдістері, мемлекеттілігі, т.б. түйіні түйіткілді сауалдары нақтыланған. Бұл мәселелердің кейбірі «Қазақ мемлекеттілігінің тарихы (ежелгі дәуір мен орта ғасырлар)» секілді іргелі жинақта да көтерілді. Онда мамандар (Б.Е. Көмеков, З. Қинаятұлы, А.И. Исин, Н. Мұқаметханұлы, т.б.) жазбаша дереккөздері арқылы ежелгі және орта ғасырлардағы мемлекеттіліктің тарихи дәстүрін саралаған [16].

Ежелгі Қазақстан тарихы археологиялық бағыттағы оқулықтарда, көптомдық ұжымдық еңбектерде сипатталған, деректемелік жинақтарда көрініс тапқан [17; 18]. Алайда бұл мәдени-тарихи кезең мәселелері тарихнамалық тұрғыдан арнайы қарастырылмағандығын тақырыптың зерттелу деңгейі өздігінен-ақ аңғартады.

Зерттеу жұмысының деректік негіздері. Көне тарихтың мәселелеріне арналған отандық және шетелдік зерттеушілердің теориялық-концептуалдық көзқарастары көрініс тапқан мақала, монография, рецензия, шолу және басқа да ғылыми шығармалардың формалары жұмыстың деректік негізін құрайды. Ежелгі Қазақстан тарихы басқа дәуірлерге қарағанда, негізінен, археологиялық материалдар бойынша ғана толымды түрде өрбітіліп келеді. Сол себепті де зерттеудің деректік негізін ең алдымен археологиялық дереккөздерін талдаған зерттеушілердің еңбектері, содан кейін барып көне жазба деректері бойынша ой толғамдарын жасаған ғалымдардың ізденістері құрайды.

Басты дерек негізін Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты мұрағатының қорлары және ғылыми басылымдарда жарияланған бірқатар археологиялық экспедициялар мүшелерінің еңбектері құрайтындығын айта кету керек. Осы орайда өткен ғасырдың алғашқы жартысынан бастап Қазақстан аумағында далалық ізденістер жүргізген археологиялық экспедицияларды атап кетуге болады: Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясы (С.С. Черников); Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы, Жетісу археологиялық экспедициясы (А.Н. Бернштам, Е.И. Агеева); Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы (әр жылдардағы жетекшілері Ә.Х. Марғұлан, М.Қ.

Қадырбаев, Ж.Қ. Құрманқұлов, т.б.); Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы (С.П. Толстов, т.б.); Қаратау палеолит отряды (Х.А. Алпысбаев); Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы (Г.Б. Зданович, В.Ф. Зайберт); геологтар А.Г. Медоев, М.Н. Клапчук, Б.Ж. Аубекеров қатысқан экспедициялар (Солтүстік Балқаш геологиялық; Шу-Іле геологиялық-геоморфологиялық; Орталық Қазақстан геология басқармасының Сокур отряды, т.б.); Солтүстік Қазақстан, Жетісу және Іле археологиялық экспедициялары (К.А. Ақышев); Отырар археологиялық экспедициясы, Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы (К.А. Ақышев, К.М. Байпақов); Петропавл және Орал-Қазақстан археологиялық экспедициялары (Г.Б. Зданович, т.б.); Шардара археологиялық экспедициясы (А.Г. Максимова); Қостанай және Торғай археологиялық экспедициялары (В.Н. Логвин, т.б.); Шүлбі археологиялық экспедициясы (А.Г. Максимова, С.М. Ақынжанов, т.б.); Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы (З.С. Самашев); Целиноград археологиялық экспедициясы (В.С. Волошин); Павлодар археологиялық экспедициясы (В.К. Мерц), т.б. Сондай-ақ республика аумағындағы Алматы, Шымкент, Қарағанды, Орал, Өскемен, Қостанай, Ақтөбе, т.б. қалаларда орналасқан педагогикалық институттар, университеттер, облыстық музейлер жасақтаған археологиялық экспедициялар (А.Г. Кушаев, Ә.М. Оразбаев, В.В. Евдокимов, А.Н. Подушкин, И.И. Копылов, А.Н. Марьяшев, Ф.Х. Арсланова, З.С. Самашев, Ә.Т. Төлеубаев, т.б.) жетекшілері мен мүшелері жариялаған материалдар да зерттеу жұмысының деректік негізін құрайды. Қазақстан аумағында кеңестік дәуірде зерттеу жүргізген Астрахань (А.Н. Мелентьев), Еділ-Жайық (Л.Л. Галкин), Хакас, т.б. экспедициялардың да материалдары біз үшін маңызды. Тәуелсіздік жылдарында да Қазақстан археологиясын әлемге таныта түскен бірқатар экспедициялардың жарияланған материалдары да зерттеу жұмысының деректік негізін құрап отыр. Олардың арасынан Есіл археологиялық экспедициясы (К.А. Ақышев), Берел археологиялық экспедициясы (З.С. Самашев), Шілікті археологиялық экспедициясы (Ә.Т. Төлеубаев), Орал кешенді археологиялық экспедициясы (К.М. Байпақов), Шірік-Рабат археологиялық экспедициясы (Ж.Қ. Құрманқұлов), Сарыарқа археологиялық экспедициясы (А.З. Бейсенов), сондай-ақ облыстар бойынша құрылған Тарих және мәдениет ескерткіштер жинағының экспедицияларын, т.б. атап кетуге болады. Сонымен қатар соңғы жылдары нәтижелі жұмыс істеген халықаралық археологиялық экспедициялар (қазақ-итальян, қазақ-француз, Қазақстан-Ресей, т.б.) мүшелері жарыққа шығарған мағлұматтар да осы зерттеу жұмысының деректік негізін құраған. Мұны кеңестік және ресейлік тарихнамада ежелгі Қазақстан тарихының белгілі бір мәселелеріне қалам тартқан ғалымдардың (К.В. Смирнов, Г.Ф. Коробкова, Н.А. Аванесова, В.А. Алекшин, Е.Е. Кузьмина, А.М. Хазанов, С.Ю. Гуцалов, А.А. Ткачев, В.К. Мосин, т.б.) іргелі ізденістері толықтыра түседі.

Жазба дереккөздерін зерделеген мамандардың (Ю.А. Зуев, И.В. Пьянков, Су Бихай, Н. Мұқаметханұлы, Ә. Дәулетхан, С. Сұңғатай, Б. Еженханұлы, т.б.) еңбектері де диссертациялық зерттеу жұмысының деректік негізін құрайды. Бұл жерде, дереккөздерін тіліне байланысты оларды көне грек, латын, қытай, парсы

және армян деп бөлуге болады. Олардан алынған мағлұматтар белгілі бір мәселелерді анықтау үшін кеңінен қолданылды. Нәтижесінде түйіні түйіткілді жайттарды шешуге ат салысқан мамандардың ізденістері, әсіресе, ерте темір дәуіріндегі қордаланған мәселелерді шешуге кеңінен жол ашты.

Зерттеу жұмысының деректік негізін айқындайтын ескерткіштердің зерттелу тарихы мен ғалымдардың ой-пікірлері негізгі бөлімде арнайы қарастырылған. Ол зерттеу ісінің даму көкжиектерін нақтылау, өткенді екшеу, болашақ ізденістерге жол ашу міндеттерінен туындаған болатын.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар. Диссертациялық зерттеудің алдына қойған мақсат, міндеттерді жүзеге асырудың нәтижесінде қорғауға мынадай негізгі тұжырымдар ұсынылып отыр:

1. Көне дәуірлер тарихы мен мәдениетіне қатысты зерттеулер жүргізген ғалымдар арасында кейбір жекелеген мәселелер туралы бірнеше көзқарастардың орын алуы, көп жағдайда мәселенің теориялық-методологиялық қырларының қарастырылмай жатуынан туындайды.

2. Ежелгі Қазақстан тарихын зерттеуге патшалық Ресей тұсында, кеңестік дәуірде және тәуелсіздік жылдарында археологиялық экспедициялар мол үлесін қоса білді. Нәтижесінде Қазақстан аумағынан әрбір мәдени-тарихи кезеңнің бірнеше археологиялық мәдениеттері анықталған, жүздеген нысандары зерттелген, қазіргі таңда бұл материалдарға сүйеніп, ілкідегі тарихи дамудың негізгі бағыттары анықталып отыр.

3. Сан алуан проблемаларды қарастырған ғалымдардың белгілі бір мәселеге қатысты айтылған ой-толғамдары тарихнамалық талдаудан өтуге лайық. Себебі олар деректанулық базаны, пайдаланылған археологиялық деректемелер сипатын, археологиялық фактілерді зерттеудің нақты әдістерін көрсетіп, шешілмеген мәселелер аясын аша алады.

4. Жазба дереккөздерінің шынайылық дәрежесін анықтау күрделі мәселелердің бірі болғанымен, кейбір проблемаларды айқындауда, соның ішінде қазақ халқының автохтонды екендігін көрсетуде олардың маңызы зор. Жазба дереккөздері қазақ халқында кеңінен таралған аңыз-әңгімелері кем дегенде ерте темір дәуірінен бастау алатындығын аңғартып отыр. Қазақ халқына тән заттай мәдениеттің де қайнар-бастаулары көне замандардан басталатындығын археологиялық мәліметтер де растайды.

5. Соңғы жылдары ғылыми көпшілік тарапынан «Мәдени мұра» Стратегиялық Ұлттық Жобасы негізінде зерттелініп жатқан ізденістердің қорытындылары мен нәтижелері қандай екендігін көрсету қажет екендігі белгілі. Атқарылған жұмыстар аясы көне Қазақстан тарихын да зерделеуге қомақты үлесін қосты, алынған бірегей материалдар бағдарламаның өміршең екендігін, оның өскелең ұрпақты өткенді қастерлеуге жұмылдыратындығын көрсетті.

6. Далалық ізденістер барысында анықталған көне дәуірлерге жататын археологиялық ескерткіштердің кезеңдестірілуі, хронологиясы әрбір мәдени-тарихи кезеңнің зерттелуін, тарихи дамуын және қол жеткізілген табыстарын тұжырымдауға мүмкіндік береді. Алынған нәтижелер ежелгі Қазақстан тарихы

әлемдік тарихнаманың құрамдас бөлігі екендігін және де оның өзіндік даралығын да айғақтайды.

7. Ежелгі замандарда өмір сүрген халықтардың расалық типтерін анықтаған палеоантропологиялық ізденістер әуел баста Қазақстан аумағында еуропоидтық, кейіннен моңғолоидтық типтер араласуы нәтижесінде тұрандық расаның қазақстандық нұсқасы қалыптасқандығын мәлімдейді, алайда алынған мәліметтер барлық аудандарда мұның шартты түрде берілгендігін көрсетіп отыр, келешекте әрбір мәдени-тарихи өңірлерде арнайы ізденістер жүргізілуі тиіс.

8. Ілкі замандардағы діни сана, наным-сенімдер әрбір дәуірдегі тарихи дамуға байланысты өзгеріп отырды. Оған қоғамдық сана, шаруашылық қаракеттер, табиғи орта өзіндік әсерін тигізді, сонда да болса сан ғасырлар бойы ата-баба аруағына табыну секілді сенімдер, қола және ерте темір дәуірлеріндегі діни көзқарастар жүйесінің сарқыншақтары сақталынып келеді.

9. Көне замандардағы қоғамдық құрылысты, мемлекеттілік пен билікті қарастыруда дереккөздерінің мардымсыздығынан салихалы қорытындылар жасалмай келеді, болашақта мұндай олқылықтарды бірнеше ғылым салаларының мамандары (тарихшы, заңгер, этнолог, т.б.) бірлесіп кешенді түрде қарастырғаны жөн.

10. Ерте темір дәуіріндегі этнонимдерге жасалынған тарихнамалық талдау көптеген терминдердің әлі күнге дейін нақты мән-мағынасы анықталмай келе жатқандығын аңғартады. Бұл мәселені шешу үшін ең алдымен терминологиялық ақпаратты күшейту қажет.

11. Көне мемлекеттердің астаналық қалаларына және тайпалар мен халықтардың орналасқан аумағына қатысты айтылған көзқарастарда пікір алуандығы байқалады. Бұл заңды құбылыс. Өйткені дереккөздерін талдау арқылы немесе жанама деректемелер арқылы белгілі бір топшылауға келу әрбір ізденуші жұмысының өзіндік ғылыми жемісі болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы. Қазақстанда тұңғыш рет ежелгі дәуір тарихының тарихнамасы зерттеу нысанына айналып отыр. Зерттеу барысында мынадай ғылыми жаңалықтарға қол жеткізілді:

1. Көне дәуірлердегі түрлі проблемаларға қатысты теориялық-методологиялық мәселелер айқындалып, жекелеген сауалдар төңірегінде айтылған концептуалдық ойлар мен түрлі көзқарастар бір жүйеге келтірілді.

2. Бірнеше тұтас мәдени-тарихи кезендерден тұратын ежелгі Қазақстан тарихын зерттеуге қомақты үлесін қосқан археологиялық экспедициялар тарихы жүйеленіп, ізденістерінің негізгі қорытындылары мен нәтижелері айқындалды.

3. Өзіндік методологиялық бағыттар мен ғылыми мектептер қалыптастырған бірқатар ғалымдардың белгілі бір мәселеге қатысты айтылған пайымдаулары, тұжырымдамалары анықталып, олардың концептуалдық ойларының кейінгі жылдардағы жалғастығы, дамуы немесе өзгеріске ұшырауы нақтыланды.

4. Қазақ халқының «Екі дос» атты аңызы жазба дереккөздерінен сақ-савромат дәуірінен бастау алатындығы анықталды.

5. «Мәдени мұра» Мемлекеттік Бағдарламасы немесе осы Стратегиялық Ұлттық Жоба бойынша зерттелініп жатқан археологиялық ескерткіштер мен жазба дереккөздеріне қатысты ізденістердің қорытындысы жасалынды.

6. Көне дәуірлерге жататын археологиялық мәдениеттер мен ескерткіштер кезеңдестірілуі, хронологиясы тарихнамалық тұрғыдан талданды.

7. Әрбір мәдени-тарихи кезеңде тіршілік еткен халықтардың расалық типтерін анықтаған палеоантропологиялық ізденістердің негізгі тұжырымдары жүйеленді.

8. Ілкі замандардағы діни санаға, түрлі наным-сенімдердің дамуына қатысты тұжырымдар жасаған ғалымдардың зерттеулеріне тарихнамалық шолу жасалды.

9. Ерте замандардағы қоғамдық құрылыс, мемлекеттілік пен билік мәселелері туралы ой қозғаған ғалымдардың ізденістері тарихнамалық тұрғыдан талдаудан өтті.

10. Ерте темір дәуірінде өмір кешкен халықтар атауларының мән-мағынасы, төркіні және олардың шығу тегі жөнінде пікірлерін білдірген зерттеушілердің еңбектеріне тарихнамалық талдау жүргізілді.

11. Көне мемлекеттер астаналары, тайпалар мен халықтардың орналасқан аумағы жөнінде пайымдауларын айтқан мамандардың ойлары тарихнамалық тұрғыдан зерделенді.

Зерттеудің хронологиялық шеңбері ежелгі палеолит дәуірінен бастап ерте орта ғасырларға дейінгі кезеңді қамтиды, яғни ғылыми ізденісте палеолит, мезолит, неолит, энеолит, қола ғасыры мен ерте темір дәуіріндегі тарихнамалық фактілер талдаудан өтеді. Дәлірек айтқанда ол Қазақстан аумағын алғашқы адамдардың бұдан 1 миллион жыл бұрын қоныстануынан бастап, ерте темір дәуірі соңына дейін, яғни ортағасырлық уақыт басталғанға дейінгі кезеңді тұтастай қамтып отыр. Сондықтан ежелгі Қазақстан тарихының проблемалары зерттеу нысанына кеңінен айнала бастаған XIX ғасыр ортасынан қазіргі күнге дейін көрсетілген мерзімдегі көне тарихи процестерді зерделеген мамандардың еңбектері қарастырылғандығын да айта кеткен жөн.

Отандық тарихнамада мұндай ауқымды хронологиялық шеңбер тұңғыш рет алынды. Бұл, ежелгі Қазақстан тарихының біртұтас тарихнамасын түзу мақсатынан туындаған еді.

Зерттеудің территориялық шеңберіне қазіргі Қазақстан Республикасы жер аумағы түгелдей кіреді. Кейбір жайттарға байланысты мәселе көтерген кезде оған аумақтық тұрғыдан шектеу қоюға болмайтындығы да белгілі. Өйткені негізгі мәселелерді шешу және оларға қатысты қосымша сауалдарды айқындау, нақтылау және толықтыру барысында республикамен шектесіп жатқан барлық өңірлердегі тарихи процестерге назар аударылмаса, мәселенің байыбына бара қою қиын екендігі де анық. Сол себепті де іргелес өңірлердегі тарихи дамуға да көңіл бөлінді.

Жұмыстың тәжірибелік маңызы. Осы зерттеу жұмысын жазу барысында алынған ғылыми тұжырымдар мен қорытындылар, зерттеулер бағыты «Ежелгі Қазақстан тарихы», «Қазақстан археологиясы» сынды оқулықтар, оқу құралдарын жазуға негіз бола алады. Сондай-ақ жекелеген жайттарды Қазақстан

тарихын жазуда, ең алдымен оның ежелгі дәуірін сипаттау үшін қолдануға болады. Мұнымен бірге көне замандардағы Орталық Азия республикаларының тарихи процестерін зерделеуде, оқу құралдарын дайындауда диссертацияның тәжірибелік маңызы зор болып табылады. Еңбекті тарихшы, археолог, деректанушы, тарихнамашы мамандармен қатар, өлкетанушылар, музей қызметкерлері, т.б. пайдалана алады. Жұмыс ежелгі Қазақстан тарихына байланысты зерттелген еңбектердің қатарын толықтырады, ол тарихнамалық бағытта жазылғандықтан болашақтағы ғылыми ізденістерге бағыт-бағдар беруімен ерекшеліндіреді. Мұның өзі ізденістің ғылымды дамытуға септігін тигізетіндігін айғақтайды.

Диссертациялық жұмыстың сыннан өтуі. Тақырып бойынша негізгі қорытындылар 1 монография, сонымен бірге 51 мақала түрінде республикалық, халықаралық ғылыми конференцияларда, қазақстандық және шетелдік мерзімді басылымдарда жарияланған. Жекелеген мәселелер Ресей Федерациясы, Моңғолия, Түрікменстан мен Өзбекстан республикалары, Украина елдеріндегі басылымдарда жарияланып, халықаралық ғылыми қауымдастықтың талқылауына ұсынылған.

Зерттеу жұмысының құрылымы оның мақсаты мен міндеттерін, тақырып мазмұнын жан-жақты ашуға мүмкіндік беретіндей етіп құрылған. Диссертация кіріспе бөлімнен, бес тараудан, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Кіріспеде жұмыстың жалпы сипаттамасы берілген, тақырыптың өзектілігі көрсетілген, мақсат пен міндеттер анықталған, зерттеу нысаны, пәні айшықталған, сондай-ақ теориялық-методологиялық және деректік негіздері, хронологиялық және аумақтық шеңбері, қорғауға ұсынылған тұжырымдар, алынған ғылыми нәтижелер, жұмыстың практикалық және теориялық маңызы, оның сыннан өтуі баяндалған.

«Ежелгі дәуірдегі Қазақстан тарихының теориялық-методологиялық мәселелері» деп аталатын бірінші тарауда тас, энеолит пен қола, ерте темір дәуірлерінің жалпы теориялық-методологиялық негіздері қарастырылады.

Отандық тарихнамада тарих ғылымының теориялық, методологиялық мәселелері бірқатар ғалымдардың еңбектерінде соңғы жылдары біршама қарастырылды. Олардың арасынан К.Л. Есмағамбетов, М.Қ. Қойгелдиев, С.Ф. Мажитов, Х.М. Абжанов, Қ.Р. Несіпбаева, Г.М. Меңдікұлова, Г.М. Какенова, Р.Ж. Қадысова, Ғ.Қ. Халидуллин, У.Ж. Алиев, А.И. Оразбаева, т.б. ерекше атап кетуге болады. Теориялық мәселелерді Е.А. Абиль [19], С.А. Турежанова [20], М.Қ. Әбусейітова [21], Ж.Ж. Несіпбаева [22], Т.Ә. Төлебаев [23], Қ.М. Атабаев [24], т.б. көтерген. Бұл зерттеушілердің ғылыми бағыты қазіргі заман тарихының проблемаларымен астасып жатқандықтан, көпшілігі көне дәуір мәселелеріне тереңдеп бара қойған жоқ. Көне дәуірдегі кейбір мәселелерді Т.О. Омарбеков [25], Т.З. Қайыркен [26], т.б. мамандар еңбектерінде арнайы қарастырған. Нәтижесінде отандық тарихнамада кеңестік тарих ғылымында ұзақ

жылдар үстемдік құрып келген маркстік ілімнің, өркениеттілік ұстанымның теориялық, методологиялық проблемалары жаңа қырынан қарастырыла бастағандығы белгілі болып отыр.

Айта кететін бір жайт, археология саласында да теориялық ұстанымдар көп екендігі белгілі. Олардың ең негізгілері мен кең тарағандары материалистік, экологиялық, эволюциялық, функционалдық, құрылымдық ұстанымдар болып табылады. Бұл теориялық ұстанымдар белгілі бір дәрежеде басқа ғылым саласының (философия, мәдениеттану, антропология, биология, химия, география, физика, т.б.) мамандары тарапынан өткен ғасырдың соңында едәуір ықпалға ұшырай бастаған болатын. Себебі, тарихи үрдістерді зерттеуде бүгінгі археология жаратылыстану ғылымдарының түрлі жетістіктері мен әдістемесін кеңінен пайдаланады десек, соған орай археологтардың сол ғылым салаларына тиесілі зерттеулер мен теориялық ізденістерге сүйенуі заңдылық деуге болады. Егер тас дәуірін зерттеу ісінде геологиялық кезендестіру, геологиялық дәуірлеу мен түрлі физикалық-химиялық мерзімдеулер қолданылмаса, онда алынған мағлұматтар құндылығы археология тарихнамасында аса жоғары деңгейде байқала қоймайды. Осыған орай, археология ғылымында жаңа технологияларды кеңінен қолдану, ғылыми-танымдық мүмкіндіктер көкжиегін кеңейтеді деуге болады. Жыл сайын атқарылып жатқан ғылыми ізденістер археологиялық нысандар санын арттырып қана қоймай, оның деректік қорын да ұлғайта түсуі бұл ғылым саласының өзіндік бірегейлігін де аңғартса керек.

Ежелгі Қазақстан тарихы әлемдік тарихнаманың құрамдас бір бөлігі десек, ғалымдар арасындағы адам баласын кім жаратты, ол қайдан пайда болды деген сауалдар төңірегіндегі пікір-таластар бүгінгі күні де толастамай тұрғандығын айта кеткен жөн. Ол адамзат тарихымен тікелей байланыстағы ең ежелден келе жатқан аса маңызды сұрақтың бірі болып табылады. Тарихшы Б.Б. Ирмуханов адамзаттың шығу тегі туралы «діни» және «ғылыми» екі көзқарас бар дейді. Алайда, қазіргі таңда бұл сұраққа қатысты негізгі үш концепцияны атап кетуге болады. Оның біріншісі, ғылыми-материалистік немесе эволюциялық концепция. Мұны қолдаушылар адам баласы маймылдан жаралды, оның дамуы ұзақ жылдарға созылды, эволюциялық даму нәтижесінде қазіргі адам қалыптасты деген көзқарасты ұстанады. Екіншісі, теологиялық немесе діни концепция. Бұл концепцияны қолдаушылар адам баласын Құдай жаратты деп есептейді. Ол діни сана, діни көзқарастар қалыптасқаннан бері келе жатқан ең көне концепциялардың бірі. Оны әлемдік (ислам, христиан, будда), ұлттық (иудаизм, конфуциандық, даосизм, сикхизм, синтоизм, т.б.) діндерді тұтынушылардың кез келген өкілі қолдайды. Соңғы жылдары бірқатар теолог-ғалымдар дәлелді де дәйекті пікірлерімен ғылыми-материалистік концепцияның негізсіз екендігін нақты көрсетуге ұмтылуда. Ал зерттеушілер арасында аздықемді таралған үшінші палеоконтактлік (ғарыштық) концепцияны қолдайтындар саны тым аз. Бұл концепцияны қолдаушылар ойынша, адамзаттың шығу тегіне ғарыштан келген келімсектер тікелей әсерін тигізген, адам баласы солардың ғылыми іс-тәжірибесінің жемісі болып табылады. Қазіргі таңда аталмыш концепция негізінде жаңаша «палеовизитология» атты ғылым қалыптаса бастады. Бүгінгі күні палеовизитология кешенді гипотезалардан

тұрады, олардың шынайылығы ғылыми фактілермен нақты дәлелдене қойған жоқ.

Біздің Қазақстанда соңғы аталған концепцияны қолдаушы ғалымдар саны жоқтың қасы деуге болады. Көпшілік оқулықтарда, ғылыми еңбектерде Қазақстанның тас дәуірі ғылыми-материалистік тұрғыдан баяндалынады. Дегенмен, алғашқы екі концепцияны (теологиялық, ғылыми-материалистік) қатар алып жүрген, ғылыми еңбектерінде екеуін де қолданып, өзара байланыстыруға тырысып жүрген авторлардың бірі Ж.О. Артықбаев болып табылады. Ол өзі жазған бірқатар оқулықтарында, оқу құралдарында (2007) библиялық мәтіндерді де, тас дәуіріндегі археологиялық ізденістердің нәтижелерін де қатар беріп, кеңінен қолдануда.

Сондай-ақ, кеңестік тарихнамада шағын тас мәдени аймағы туралы мәселелер көп көтерілді. Қазіргі таңда аталмыш «аймақ» күн тәртібінен түсіп қалғанымен, ол өткен ғасырдың екінші жартысында ескерткіштерді кезеңдестіруде, таралу аймақтарын анықтауда, жекелеген ортақ белгілерін айқындауда методологиялық ұстаным ретінде қолданылып отырған еді. Шағын тас мәдени аймағы концепциясын өткен ғасырдың 50-жылдарының соңына қарай А.А. Формозов қалыптастырған болатын. Оның шағын тас мәдени аймағы жөніндегі ой-пікірлерін былайша топтастыруға болады: біріншіден, шағын тас мәдени аймағына кіретін ескерткіштерді біріктіретін алғашқы технологиялық белгі «пышақ тәрізді тас тілікшелерінен» дайындалған құралдар жиынтығы; екіншіден, жалпылама мағына беретін «неолит» термині шағын тас мәдени аймағын алмастыра алмайды; үшіншіден, бұл техниканың сақталып қалуына мезолиттік типтегі шаруашылықтың (аңшылық-балықшылақ) қалдықтары әсер етеді; төртіншіден, нео-энеолиттік тұрақтардың материалдарын талдау барысы шағын тас құрал-саймандары орманды және таулы аудандарға таралмайтындығын көрсетеді. Бұдан кейін КСРО аумағынан жер-жерден неолиттік, энеолиттік ескерткіштер көптеп анықталып, бұл белгілердің басқа өңірлерде де ұшырасатындығы мәлім бола бастады. Сөйтіп, «шағын тас мәдени аймағының» жалпылама түрде белгіленгендігі анық болған еді.

Сайып келгенде, А.А. Формозов қалыптастырған «шағын тас техникасы» түсінігінің археология теориясында, әсіресе оның әдістемелік бөлігіндегі орны зор екендігін айтуға болады. Алайда ұзақ жылдар бойы проблеманың осы жайты мамандар арасында қызу пікір-таластар тудырды. Мәселен, В.Е. Ларичев, т.б. мамандар шағын тас техникасындағы негізгі белгі «геометризм» болуы тиіс деп есептесе, Л.А. Чалая секілді зерттеушілер А.А. Формозовты қолдай отырып, оған жататын құралдардың өте шағын (миниатюралы) болуы тиіс екендігін атап көрсетті. Ал Ф.В. Зайберт, Т.М. Потемкина сынды ғалымдар болса, шағын тас мәдени аймағындағы еңбек құралдары өз кезегінде пышақ тәрізді шақпақ тас индустриясына негізделгендігін айтып, бұған неолит пен энеолиттен басқа мезолитті де қосып қарастыру керек екендігін көтерді. Келесі бір зерттеуші В.И. Зайтов болса тілікшелі техникаға көбірек мән берді.

Тоқтала кетер бір жайт, белгілі ғалым Гордон Чайлд (1892-1957) еңбегінен кейбір зерттеушілер (В.Г. Бондарцов) тарихи-археологиялық және теориялық-методологиялық екі аспектіні бөліп көрсету қажет деп есептейді: оның бірі В.Г.

Чайлдтың археология теориясы мен практикасына қосқан іргелі үлесі нәтижесінде қалыптасқан «археологиялық мәдениет» категориясы болса, екіншісі алғашқы қауым тарихының жалпы проблемаларын (кезеңдестіру, бір кезеңнен екіншісіне өту тетігі (механизмі), тарихи даму мен факторлардың бағыты, т.б.) айқындауы; сонымен қатар Чайлдтың ғылыми ұстанымдарына тікелей әсер еткен Б. Малиновский функционализмі, Э. Дюркгейм әлеуметтік концепциясы дейді. Расын айтқанда, «археологиялық мәдениет» терминінің келіп шығуы ХІХ ғасыр соңы мен ХХ ғасыр бас кезіне жатады. Орталық Еуропа археологиялық дереккөздерін жүйелеу барысында Монтелиус қалыптастырған типологиялық әдісті қолдана отырып, ғалымдар типтердің картасын жасау әдісі арқылы кеңістіктегі мәдениет шекарасын белгілеген кезде археологиялық бірліктер сыныптамасы жасалып, соңынан осы термин қалыптаса бастайды. Мұны кейіннен Г. Коссина, Л. Фробениус, т.б., содан кейін Гордон Чайлд дамытты. Соңғы ғалым әлеуметтік-экономикалық тарихқа аса ден қойып, археологиялық ескерткіштер негізгі категориясының арнайы өзара байланыстағы жиынтығын «археологиялық мәдениет» деп таныды.

Ал «археологиялық мәдениетті» кейбір мамандар археологиядағы зерттеу категориясы ретінде қарастырған (А.П. Ганжа). Методологиялық ұстаным ретінде қарастырылған мәдениет пен оның жергілікті нұсқаларына ғалымдар (В.С. Бочкарев, Ю.Н. Захарук, Г.П. Григорьев, И.С. Каменецкий, Л.С. Клейн, В.М. Массон, В.А. Ранов, А.А. Формозов, т.б.) кең көлемде әдебиет арнаған. Олардың ішінде Ю.Н. Захарук мәдениетті аумақтық және хронологиялық жағынан өзара байланыстағы археологиялық ескерткіштер жиынтығы деп таныса, оны Г.П. Григорьев типтердің тұрақты құрылымы ретінде бағалайды, А.А. Формозов болса, тек аумақтық белгіге иек арту қажет деп санайды, ал В.М. Массон археологиялық мәдениетті уақыт пен кеңістікте шектелген заттай мәдениет нысандарының өзара байланыстағы нақты жиынтығы ретінде сипаттайды. Десе де, көпшілік ғалымдардың Ю.Н. Захарук тұжырымдамасынан асып кете қоймағандығы байқалады.

Қола дәуірін зерттеуде қазақтың көрнекті ғалымы академик Ә.Х. Марғұлан озық теориялық пайымдаулар жасай білді. Ә.Х. Марғұлан Солтүстік-Шығыс Қазақстан, Баянауыл мен Қарқаралы, Солтүстік Балқаш маңы, Бетпақдала, Сарысу өзені алабы, Қарағанды мен Жезқазған өңірлеріндегі неолиттік және энеолиттік ескерткіштерді саралай келіп, Орталық Қазақстан неолиті мен қола ғасырын байланыстырған энеолит (б.з.б. IV мыңжылдық) болған, сонымен қатар қола дәуірі мәдениетінің алғашқы өзегі татталған мыс кентастары, құйма мыс кесектері кездесетін өңірлерде қалыптасқан деп тұжырымдама жасайды. Және де сарабдал ғалымның пікірінше: бұлар келімсектер емес, осында баяғыдан тұрып келе жатқан, кейіннен азиялық скифтер немесе орал-алтай ата-бабалары болған дала тайпалар еді [5, с. 81].

Айта кететін бір жайт, энеолит пен қола дәуіріндегі этникалық процестерді қарастыру барысында отандық зерттеушілердің бірқатары соңғы жылдары байырғы түріктерге (прототүріктерге) қатысты да өзіндік бір методологиялық ұстанымдарға көше бастады, оны «мейлінше» негіздеуге талпынған тұжырымдар да жасауға ұмтыла түсті. Тіпті бірқатары қазіргі қазақтардың ең

ерте кездердегі ата-бабаларын орта голоцен тұсындағы көне халықтардан іздестірді. Мәселен, А. Бахти өзінің «Шумерлер, скифтер, қазақтар» атты еңбегінде қазақтарды шумерлермен байланыстырып, қазақ ұлтын солардың ұрпағы ретінде таныстыруға бейімділік танытты. А. Бахти лингвистикалық, этнологиялық және археологиялық материалдарды талдай келе шумерліктер мен прототүріктер ұқсастығын дәлелдеуге талпынған. Алайда тарихи фактілердің біршама бұрмаланғандығын байқаған Е. Абиль [19] еңбекті мұқият таразылап, автордың концептуальдық ойларын саралап шықты да, бірқатар кемшіліктерін толымды түрде көрсетіп берді. Бұл зерттеушінің пікірінше, А. Бахти пікірлері дәлелсіз болып табылады және де концепциясы мынадай белгілері бойынша өзгешеленеді: біріншіден, онда бірегейлік жоқ, бірқатар топшылауларының бөліктері басқа зерттеушілерден алынған; екіншіден, қалыптасқан цитата келтіру мен сілтеме жасау жүйесі байқалмайды; үшіншіден, этимологиялық үстіртін талдауларды қолдану әдісі басым; төртіншіден, оған этноцентризм тән.

Кейбір мамандар археологиялық ескерткіштерді зерттеу теориясында – зат (денотат), белгі (таңба) және түсініктен тұратын Фреге үшбұрышын басшылыққа алды. Бұл үшеуі өзара тығыз байланыста екендігі белгілі. Мұндай семиотикалық үштік бірлік археолог В.С. Ольховский ойынша, инварианттық өзек (концепт) болып табылатын әрі оның базалық сипатын сақтап қалатын «архетип» терминін қолдану үшін өте ыңғайлы; сонымен қатар бейнелеу өнерінің ескерткіштеріне морфологиялық (зат/тұрпат), иконографиялық (таңба/бейне) және семантикалық (түсінік/семантика) секілді үш архетиптер жиынтығын қолдану методологиялық жағынан ұтымды болмақ. В.С. Ольховский Орал-Қазақстан аумағындағы тас мүсіндерді Еділ мен Оңтүстік Орал маңы, Маңғыстау мен Үстірт төңірегі деп бөліп қарастырады. Бұл зерттеуші ежелгі мүсіндерді зерттеу процедурасы фиксация, репродукция, дескрипция және интерпретация сынды төрт кезеңді қамтитындығын айта келіп, оларды зерделеу арқылы қоғамның тыныс-тіршілігі, діни-мифологиялық көзқарасы, әлеуметтік құрылымы, өндіріс технологиясы туралы ақпараттарды алуға болатындығын айтып өтеді. Әрине, тас мүсіндерден алынатын ақпараттар легінің нендей ғылыми маңызы бар екендігін алғаш рет сипаттап берген В.С. Ольховский емес. Одан бұрын да айтылған. Мәселен, Орталық Қазақстандағы Ұлытау төңірегіндегі тас мүсіндерді зерттеген Ә.Х. Марғұлан да осы тақлеттес пікірлер айтқан еді.

«Көне дәуірдің археологиялық ескерткіштері мен жазба дереккөздері зерттелуінің негізгі бағыттары мен нәтижелері» деп аталатын екінші тарауда тас, энеолит пен қола, ерте темір дәуірлеріне жататын ескерткіштерді зерттеген археологиялық экспедициялар тарихы баяндалған, жекелеген ғалымдардың ілкі заман археологиясына, деректануына қосқан үлесі тарихнамалық талдаудан өткен.

Бұл тарауда кіріспе бөлімдегі диссертацияның деректік негізінде аталған барлық археологиялық экспедициялардың тарихы жүйеленіп, ғылымға қосқан үлестері, далалық зерттеулер барысында қол жеткізген табыстары мен алған нәтижелері қазған негізгі ескерткіштері негізінде бағамдалған да, жазба

дереккөздерін талдаған мамандардың (Н.Я. Бичурин, Н.В. Кюнер, В.С. Таскин, И.В. Пьянков, т.б.) ізденістеріне тарихнамалық шолу жүргізілген.

Қазақстан көне дәуір ескерткіштерін зерттеу тарихы ХІХ ғасыр орта тұсынан басталынады. Оған дейінгі ғасырларда да көне дәуір ескерткіштері жайлы ақпараттар легі мәлім болған [4]. Одан бергі өткен уақыт ішінде еліміздің аумағында көптеген археологиялық экспедициялар жұмыс істеп, жүздеген көне дәуірі ескерткіштері анықталды. Қазіргі таңда археологтардың қажырлы еңбектерінің арқасында аталған дәуірлерге байланысты қомақты деректік қор жинақталып отыр. Жалпы алғанда, тас ғасыры ескерткіштері, одан кейінгі қола және ерте темір дәуірі ескерткіштерін зерттеу ісінде патшалық Ресей тұсында Түркістан археология әуесқойларының үйірмесі, Орынбор мұрағат комиссиясы, Ресей Географиялық Қоғамы секілді бірлестіктер мүшелері біршама еңбек сіңірді. Кеңестік дәуірде жекелеген ғалымдар (М.П. Грязнов, М.Н. Комарова, П.Е. Черняховский, С.И. Руденко, М.Н. Лентовский, П. Драверт, А.Ф. Соседко, П.С. Рыков, Б.Н. Граков, Н.В. Валукунский, А.А. Формозов, Б.Ф. Петрунь, т.б.) да көне замандардағы ескерткіштерді зерделеуге өз үлестерін қосты. Мұның барлығы отандық тарихнамада толымды түрде қарастырылған [2; 4].

Кеңестік заманда қола дәуірі ескерткіштері біршама жоғары деңгейде қарастырылды. Ол 1926-1928 жылдардағы Батыс Қазақстандағы М.П. Грязнов пен Оңтүстік Оралдағы Б.Н. Граков ізденістерінен бастау алады. Бұған 1925-1927 жылдардағы саратовтық археолог П.С. Рыковтың Орал мен оның сағаларын (Деркұл, Шаған) зерттеген далалық ізденістерін де қосуға болады [4; 5]. Сайып келгенде, 1920-1940 жылдар Қазақстанда археология ғылымы қарқынды түрде дамыды. Республикада археологиялық ғылыми ізденістердің дамуына одақтың ғылыми мекемелері мен орталықтары, жергілікті ғылыми-өлкетану орталықтары, үйірмелер, музейлер ат салысты. Осы кездері ерте темір дәуіріне жататын ескерткіштер де қазыла бастады. С.С. Черников, А.Н. Бернштам, т.б. мамандар басқа мәдени-тарихи кезеңдердің ескерткіштерімен бірге ішінара ерте темір дәуірінің де нысандарын есепке алып, қаза бастаған болатын.

Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан соң Қазақстанда 1946 жылы 31 мамырда КСРО ҒА-ның Қазақ бөлімшесі құрылады. Онда алғашқы кезде 16 ғылыми-зерттеу институты жұмыс істеді. Солардың қатарында Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты да болды. Бұл институттың археология секторының қызметкерлері Қазақстандағы археологиялық ізденістерді өз қолдарына шоғырландыра бастағанымен, одақтас ғылыми мекемелердің археологиялық экспедициялары бұрынғысынша зерттеулерін жалғастыра берді. Қазақстанның батысында И.В. Сеницын, В.С. Сорокин, оңтүстігінде С.П. Толстов, А.Н. Бернштам, Қостанайда О.А. Кривцова-Гракова, шығыс аймақта С.С. Черников сынды көптеген ғалымдар басқарған археологиялық экспедициялар 1950-1960 жылдары жұмыс істеуінің нәтижесінде далалық ізденістер біршама жүйелі түрде дами бастаған еді [4; 5].

Отандық археологияның дамуына зор ықпалын тигізген игі шара 1946 жылы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының жанынан Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының

құрылуы еді. Оны құрып, ұзақ жыл (1976 жылға дейін) басқарған, ел тарихын көне заманнан бастап түзген, қазақтың сарабдал ғалымы, Қазақ КСР ҒА-ның академигі Әлкей Хақанұлы Марғұлан еді. Онымен бірге ғылымға талантты қазақ археологтары да (К.А. Ақышев, Ә.М. Оразбаев, М.Қ. Қадырбаев, т.б.) осы кездері келген еді [5; 6]. Көне дәуірді зерттеуге басқа мамандар да (Е.И. Агеева, Г.И. Пацевич, А.Г. Максимова, т.б.) мол үлес қосқан еді. Одақтық деңгейдегі археологиялық экспедициялардың (ХАЭЭ, т.б.) республика аумағында жұмыс істеуі нәтижесінде бірқатар археологиялық мәдениеттер ғылыми айналымға енді.

Кеңестік дәуірдегі Қазақстан археологиясының, оның ішінде тас, қола және ерте темір дәуірлерін зерттеудің дамуы республикада бірнеше ғылыми ошақтардың, мектептердің қалыптасуына жағдай жасады [2; 17, с. 13-37]. Әсіресе, Орталық Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Жетісу, Торғай, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан секілді археологиялық экспедициялардың құрылуы ежелгі Қазақстан проблемаларын жаңа қырынан қарастыруға мол мүмкіндіктер туғызды. Нәтижесінде Қазақстан археологиясы толыққанды қалыптасып, мамандар (Ж.Қ. Құрманқұлов, З.С. Самашев, А.С. Ермолаева, т.б.) саны арта түсті. Көне замандардағы тарихи даму белестері анықталды. Бұл археологиялық экспедициялардың зерттеулерінің нәтижесінде археологиялық ізденістер бір жүйеге түсіріліп, белгілі бір аудандардың аумағы кешенді түрде зерделенуімен ерекшеленді. Бірнеше жылдарға арналған ғылыми жобалардың іске асырылуы ежелгі Қазақстан көне дәуірін зерттеуді жаңа белеске көтерді.

Ал тәуелсіздік тұсында ежелгі Қазақстан ескерткіштерін зерттеу біршама жолға қойылды. Бұрын зерттелген кейбір археологиялық нысандар материалдары ұзақ жылдардан кейін ғылыми талдаудан өтіп, көпшілік назарына ұсынылды. Бұл кездері Қазақстанның барлық аймақтарында ежелгі дәуір ескерткіштері зерттелінген болатын. Нәтижесінде ғылыми мұра көлемі ұлғая түсті. Айта кететін тағы бір жайт, «Мәдени мұра» Стратегиялық Ұлттық Жобасы тас, палеометалл және ерте темір ескерткіштерін зерттеуге тың қарқын берді. Алынған соны мағлұматтар мәдени мұраны игерудің әрдайым өміршең идеология болып қала беретіндігін нақты айғақтайды.

Қысқаша қайырғанда, Қазақстанда археология ғылымының өзіндік даму тарихы бар. Ол ұзын-сонар тарихи жолдан өтті. Академик К.М. Байпақов Қазақстанда археологияның дамуын мынадай кезеңдерге бөледі: 1. ХІХ ғасыр ортасынан 1917 жылға дейін; 2. ХХ ғасырдың 20-40 жылдары; 3. 1946-1960 жылдар; 4. 1960-1970 жылдар; 5. 1980-1991 жылдар; 6. 1991 жылдан бері [17, с. 13-39]. Біз соңғы кезеңді 1991-2003 жылдар мен одан кейінгі «Мәдени мұра» Стратегиялық Ұлттық Жобасымен астасып жатқан кез сынды екі кезеңге бөлуді ұсынамыз. Археология дамуына табиғи байлықтарды зерттеу, одақтық құрылыстар, тың және тыңайған жерлерді игеру секілді іс-шаралар да өзіндік әсерін тигізіп отырғандығын да айта кеткен жөн. Әсіресе тәуелсіздік жариялаған уақыттан бергі кезеңге отандық археология тарихнамасы жаңа сатыға, жаңа белеске көтерілді. Идеологиялық қыспақтарсыз көне тарихымызды жазуға мол мүмкіндік туды. Көне заман тарихын зерттеген кезде археологиялық материалдар мен жазба дереккөздері өзара үйлесімділік те тауып келеді.

Археология ғылымының дамуына республиканың әрбір түкпірінде ғылыми-зерттеу орталықтарының ашылуы да өз септігін тигізген еді. Бұған шетелдік әріптестермен бірлесіп құрылған археологиялық экспедицияларды да қосуға болады. Дегенмен негізгі жұмыстарды отандық археологтар атқарды.

Олармен бірге көне дереккөздерін талдаған отандық шығыстанушы-мамандардың да еңбектері зор екендігін айта кеткен жөн. Әсіресе Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғылыми қызметкерлері тарапынан жүргізілген ізденістердің мәні жоғары [14; 18; 21].

Кеңестік және ресейлік антикалық тарихнаманың озық үлгілері Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан «Мәдени мұра» Стратегиялық Ұлттық Жобасы бойынша да топтастырылды. Айталық, осыған қатысты келесі бір дереккөздерінің топтамасы 2005 жылы баспадан шыққан «Антикалық және византиялық дереккөздеріндегі Ұлы дала: материалдар жинағы» деп аталынады. Жинақта Еуразия далаларындағы халықтар мен олардың көршілері жайлы артында баға жетпес мұра қалдырған көне эллиндік, римдік және византиялық 150-дей авторлардың (тарихшы, географ, этнограф, жазушы, филолог, т.б.) 500-ден астам шығармаларынан үзінділер берілген [15]. Әрбір автордың шағын ғұмырнамасы, шығармасының маңызы көрсетіліп, дереккөздері ішінара талдаудан өткен. Жинаққа енген шығармалардың хронологиялық ауқымы б.з.б. XII ғасыр мен б.з. XV ғасыры аралығын қамтиды. Мұның өзі ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихын батыс дереккөздері арқылы танып білудің мүмкіндіктерін едәуір кеңейтіп, таным көкжиектерін одан сайын арттыра түседі. Сол себепті де біз осы зерттеу жұмысымызда жазбаша дереккөздеріне терең талдау жүргізбей-ақ, аталмыш еңбекке сілтеме жасаумен ғана шектеліп отырмыз. Әйтсе де кейбір дереккөздерінен алынған мәтіндерге ерекше тоқталып кетуге болады. Мәселен, осы жинақтағы Анахарсис пен Токсарис ерекше қызығушылық туғызады. Қазіргі таңда мамандарға Анахарсис есімі кеңінен мәлім. Бірақ, Анахарсистен де бұрын өмір сүрген, Элладаға одан сәл-пәл ертеректе келген скиф Токсарис (Токсары?) жайында тіптен сөз қозғалмайды десе де болады. Оның өмірлік таным-түсінігін, көзқарастар жүйесін зерделеу ілкі замандардағы ілім-білімді, ақыл-ойды, аңыз-әпсаналарды қайта жаңғыртуға, осы рухани дүниелерді толымды түрде пайымдауға жол ашары анық деген ойдамыз.

Жалпы алғанда, скиф Токсары жайлы мейлінше толымды мәліметтер қалдырған эллин риторы, софист әрі сатирик Лукиан (б.з. 120/125-190 жылдар) болып табылады. Лукиан Самосатта кедей сириялықтың отбасында дүниеге келген, грек тілін меңгеріп, Антиохияда сот шешені болып қызмет істеген. Кіші Азия, Грекия, Македония, Италия, Галлия жерлерін аралаған. Бірқатар шығармалар жазып қалдырған. Бізге Лукианның 82 шығармасының жеткен. Олардың оны мамандардың пікірінше Лукаианның стиліне келе қоймайды. Қалай болғанда да Лукианның бірқатар шығармаларынан көне скифтерге қатысты көптеген этнографиялық мағлұматтар алуға болады. Лукиан шығармаларының көпшілігі тарихи шындыққа жақын келеді. Еңбектері сонысымен де құнды. Біз үшін әсіресе Токсарис жайлы қалдырған жазбалары құнды екендігін айта кеткен абзал. Оның «Диалогтар» атты еңбегінде

келтірілген мағлұматтар бойынша: Токсары еліне қайтпай, Афинада өлген. Оған афиналықтар жат жерлік дәрігер ретінде құрбандық шалып тұрған. Тіпті оны фракиялық адамдарды емдеу құдайы Асклепия ұрпақтарымен қатар қойған. Анахарсис Афинаға келгенде қарт Токсариспен танысқан. Онымен әңгімелескен. Анахарсис өзіне Токсаристің ұстаз болуын, афиналықтар елі мен жерін көрсетуін сұраған.

Самосаттық Лукианның «Токсарис, немесе Достық» атты еңбегі екі өркениет өкілінің, яғни грек Мнесиппен скиф Токсарис арасындағы сұхбат ретінде өрбітілген. Орыс тіліне бұл еңбекті П.И. Прозоров аударған. Онда басқа грек-рим авторларынан кездесе бермейтін көптеген тарихи-этнологиялық, лингвистикалық, т.б. жайттарды көптеп аңғаруға болады. Екі өркениет өкілі құдайлар, әдет-ғұрыптар, жосын-жоралғылар, т.б. туралы біршама сұхбаттасқаннан кейін достыққа қатысты бір-біріне бес әңгімеден айтып беруге көшеді. Сонда Токсарис скифтердің досы үшін жанын да беруге даяр екендігін нақты көрсететін әңгімелерді баяндап береді. Солардың бірінде скифтердің екі жігіті арасындағы достық баяндалынады, онда тұтқынға түсіп қалған досы үшін жауға құн ретінде жігіттің бірі өзінің көздерін береді [15, с. 322-324]. Дәл осы әңгіме желісі қазақ халқы арасындағы «Екі дос» аңыз-әфсанасында да өрбітіледі. Осы айтылған оқиға ғасырлар қойнауынан жетіп, қазақтар арасында да сақталғандығын жалпыға білім беретін 4-сыныпқа арналған «Ана тілі» атты мектеп оқулығынан нақты көруге болады. Аңызды қайдан тапқандығын, қалайша мектеп оқулығына енгізгендігін болашақта оның авторлары (С. Рахметова, Т. Әбдікәрімова, Б. Қабатаева) кеңірек баяндап бере жатар.

Салыстыра қарап отырсақ, екі аңыздың да түпкі мәні бір, оқиға желісі ортақ. Скиф аңызын баяндаған Токсарис әңгімесінде оқиға кейіпкерлерінің скиф екендігі, кейіпкерлер есімдері, бір-біріне қарсы тұрған тараптардың скифтер мен савроматтер екендігі нақты көрсетілген. Ол екі достың оқиғадан кейінгі өмірінде азды-кемді сипаттап өтеді. Сөйтіп, Токсарис ертедегі көшпенділер өмірінде досқа деген адалдықты, өмірлік ұстанымды дәлме-дәл жеткізе білген. Шындығына келгенде, скиф үшін досын сатып кету өліммен бірдей болған, скиф қауымы ондай күнә жасаған адамды ешқашан кешірмеген. Былайша айтқанда, досқа деген адалдық скиф өмірінің мәні болған. Қазақ аңызында савроматпен скиф этнонимдері, кейіпкерлер есімдері, т.б. кейбір детальдар ұмытылған. Есесіне қазақ батырлары, сарбаздары басты кейіпкерлер ретінде танылып, ізгі достық идеясы сақталғандығы байқалады.

Бұл келтірілген дерек мәтіні: біріншіден – қазақ аңызының үш мың жылға жуық өткені бар екендігін, екіншіден – халқымыздың тарихи тамыры тереңде жатқандығын, үшіншіден – мәдениетіміздің ежелден қалыптасқандығын дәлелдейді. Ендігі кезекте оны оқулықтарға енгізу, ежелгі замандағы қазақ әдебиетімен байланыстыру қажеттілігі байқалады. Сондықтан да оны кешенді түрде әлі де зерттей түсуіміз қажет. Зерттеуге тарихшылардан басқа, әдебиетшілер, тілшілер, педагогтар, т.б. мамандар да қатыстырылса, аңыздың қоғамдық рөлі, жастарды рухани-патриоттық сезімге баулу ісіндегі орны нақтыланар еді. Сонымен қатар Токсарис мұрасын да зерттеу қолға алынса дейміз.

«Археологиялық мәдениеттер мен ескерткіштердің кезеңдестірілуі» атты үшінші тарауда ежелгі Қазақстан тарихы және тас дәуірі ескерткіштерінің хронологиялық атрибуцияларына, энеолит, қола, ерте темір дәуірлеріне жататын археологиялық мәдениеттер мен ескерткіштер кезеңдестірілуіне тарихнамалық талдау жүргізілген.

Әлемдік тарихнамада археологиялық мәдениеттер мен ескерткіштердің кезеңдестірілуін, хронологиясын анықтау өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Аталаған мәселелер біршама түпкілікті шешілген жағдайда ежелгі кезеңді қамтитын сан алуан теориялық, деректанулық, концептуалдық тарихнама проблемаларын толыққанды өрбітуге мүмкіндік туындайды.

Белгілі ғалым Л.Б. Вишняцкий кезеңдестіруді «уақытқа сәйкестендірілген классификация» дей келе, археологиялық кезеңдестірудің екі функциясы бар екендігін айтады: 1) олар уақыт кеңістігіндегі археологиялық мәдениеттерді анықтайды, яғни археологияланған мәдениеттің бір бөлігінің даму кезеңдерін айқындайды; 2) бұлар археологиялық уақыт шеңберіндегі бағдар қызметін атқарады. Ол тас өңдеу дәстүрінің сан алуан түрлері кездесетін Орта Азия мен Қазақстан секілді ірі региондарда хронология нашар дамығандықтан кешендерді археологиялық замандарға сай бөліп тастаған дұрыс дей келе, бейтарап кезеңдестіруді пайдалану қажеттілігін айтады. Мысалы палеолитті төменгі, орта және жоғарғы деп бөлген дұрыс, сонымен қатар «олдувай–ашель–мустье» секілді түсініктер әрдайым барлық өңірлер мен индустрияларға келе бермейді, оны қолданудың аса қажеттілігі жоқ деген пікір айтады. Қазақстанның әрбір мәдени-тарихи өңіріндегі тарихи дамудың өзіндік ерекшеліктерін ескеретін болсақ, онда осы көзқарасты толығымен қолдауға болады.

Шындығына келгенде, кезеңдестіру өткенді уақыт бөлігіне (тарихи кезең, ғасыр, дәуір, т.б.) жіктеу іспеттес. Мұндай жіктеу тарихи құбылыстарды реттеу мен талдау үшін қажет екендігі белгілі жайт. Тарихты зерттеуде оқиға мерзімін анықтап қоя салу ғана емес, сонымен қатар кезеңдердің шекарасын да айқындап, оны белгілі бір тарихи феномендермен ұштастырған да абзал екендігі белгілі. Жалпы алғанда, кез келген тарихи құбылысты зерттеуші хронология мен кезеңдестіру проблемаларынан айналып өте алмайды. Мұның өзі бір шетінен дәуірлер мен кезеңдердің тарихшы жұмысындағы маңыздылығын, әрі бұларға және өзге де деректік қорға сүйеніп жасалған пайымдаулары оның іс-әрекетінің барысында алатын негізгі жемісі екендігін көрсетеді. Бұл конструкциялар өткеннің феномендерін зерделеуге жәрдемдеседі, алайда оны түпкілікті шешім деп қабылдамау керектігі белгілі. Р.Дж. Коллингвуд айтқандай, барлық оқырман тарихтағы жаман не жақсы кезеңдер туралы оқи алады, алайда бұл тарихшы тарапынан берілген белгілі бір бағаны ғана көрсетеді. Біздің ойымызша, кезеңдестіру мен хронологияның әсіресе көне дәуірлерді зерттеуде маңызы зор. Себебі басым бөлігі археологиялық материалдар негізінде жазылатын осы кезеңдегі тарихи үрдістерді жүйелеу ісінде әлемдік тарихнамада кезеңдестіру бойынша өзіндік методология қалыптасқандығы белгілі. Яғни, әлемдік тәжірибе кезеңдестіруді құбылыстарды, оқиғаларды реттеу, қол жеткен табыстарға қорытынды жасау ретінде баға беріп отыр.

Сөйтіп, бірқатар ғалымдар тарапынан жоғарыда айтылған көзқарастар мен тұжырымдарға қарағанда, Қазақстанның ежелгі тарихын кезеңдестіру әлі түбегейлі шешімін таба қойған жоқ. Мамандар тарапынан (М.Қ. Қозыбаев, Т.О. Омарбеков, З. Алдамжар, М.Қ. Қойгелдиев, Х.М. Абжанов, В.З. Галиев, т.б.) бүкіл Қазақстан тарихын кезеңдестіру проблемалары көтерілгенімен, оның жекелеген мәселелері әлі де нақтылай түсуді қажет етеді. Олардың қатарына көне тарихтың әрбір мәдени-тарихи кезеңдерінің орнын, хронологиясын, ерте темір дәуірінің ілкі замандардағы рөлін, белгілі бір өңірлердегі тарихи даму кезеңдерін айқындауды жатқызуға болатын сияқты. Әрине, кезеңдестіру бағытында еңбек еткен кейбір мамандардың ізденістерін ғылыми талдаудан өткізумен айналысқан тарихшылар (С. Кентбеков, Ж. Арынов, т.б.) еңбектерінің маңызы зор. Дегенмен зерттеушілердің көпшілігі көне тарих қойнауына тереңдеп бара қоймайды, кейде археологиялық материалдармен таныс болмағандықтан, біздің ойымызша дәуірлер арасындағы бірқатар жайттарды талдауда қателіктерге бой алдыру да орын алатын сыңай танытады.

Отандық тарихнамада ескерткіштердің, мәдениеттердің кезеңдестірілуі мен хронологиясын анықтау күрделі де қиын мәселелердің бірі десек, мұны біріншіден, археологиялық ескерткіштердің көптігімен әрі жүйеленбей жатуымен, екіншіден, жаратылыстану ғылымдарының мағлұматтарына (радиокөміртекті мерзімдеу, т.б.) сүйенудің аздығымен, үшіншіден, көп жағдайда салыстырмалы-типологиялық әдістерге иек арту басым екендігімен түсіндіруге болады. Сондықтан да мәдениеттердің, жекелеген ескерткіштердің хронологиясын анықтауда ғалымдар арасында кереғар пайымдаулар ұшырасып жатады.

Алғашқыда Орта Азия мен Қазақстан көне тарихын кезеңдестірумен айналысқан мамандардың бірі А.И. Тереножкин болып табылады. Өткен ғасырдың орта тұсына қарай жинақталған мәліметтер бойынша А.И. Тереножкин ескерткіштердің кезеңдерін былайша өрбітті: қола кезеңінің кейінгі кезі – б.з.б. XV-VIII ғасырлар, сақ-ахеменидтік – б.з.б. VI-IV ғасырлар, сақ-эллиндік – б.з.б. IV-II ғасырлар, кангюй-юечжи – б.з.б. II-I ғасырлар, кушандық – б.з. I-IV ғасырлары, эфталиттік кезең – V-VI ғасырлар, түріктік – VI ғасыр мен VIII ғасыр бас кезі, мұсылмандық – VIII-XII ғасырлар. Алайда автордың кезеңдестіруі Қазақстанның барлық аумағын қамти қойған жоқ. Ол оңтүстік өңірлердегі кангюй мәдениеттерін жіктеп берумен ғана шектелді. Сонымен қатар А.И. Тереножкиннің бұл кезеңдестіруі біршама уақыттардан кейіннен-ақ қайта толықтырылды, оның қолданған кейбір терминдері (мұсылмандық, т.б.) ғылыми айналымнан шығып та қалды.

Орта Азия ежелгі тарихын кезеңдестірудің үлгісін сарабдал ғалым С.П. Толстов та ұсынды. Бұл зерттеуші өзінің «Орта Азияның ежелгі тарихын кезеңдестіру» атты еңбегінде антикалық дәуір ретінде атап жүрген кезеңнің хронологиясын анықтап берді. Ол аталған кездің басы деп б.з.б. VIII-VI ғасырларды, соңы деп б.з. V-VI ғасырларын көрсетті де, бұл уақытты төрт кезеңге бөлді. Біріншісін архаикалық кезең деп атап, оның хронологиясын б.з.б. VIII-VI ғасырлармен белгіледі. Екіншісін эллиндік деп, оған кангюй, бактриялық және парфияндық нұсқаларды енгізе отырып, оның хронологиялық

шегін б.з.б. IV-I ғасырларға жатқызды. Төртіншісін кушандық кезең деп атап, оны б.з. I-III ғасырларымен белгіледі. Ал б.з. IV-VI ғасырларын камтитын төртінші кезеңді кушан-эфталиттік деп атайды да, әрбір кезең арасында ешқандай шұғыл шектің орын алмағандығын айтып өтеді. С.П. Толстов кезеңдестіруі ең алдымен тарихи үрдістерге, ежелгі дереккөздеріне сүйеніп жазылғандығын айта кету керек. Сонда да болса оның кезеңдестіруі әлі күнге дейін Орта Азия мен Қазақстан тарихнамасында өз құндылығын жоғалта қойған жоқ. Кейінгі еңбектерінде жекелеген өңірлердің тарихи дамуы нақтыланғанымен және де кейбір аудандардағы мәдени даму бір қалыпқа түсірілгенімен, оның осы тұжырымы сақталып қалды деуге болады.

А.Н. Бернштам өткен ғасыр орта тұсына дейін қазылған Жетісу мен Тянь-Шань өңіріндегі ерте темір дәуіріне жататын барлық ескерткіштердің материалдарын саралай келе бәріне ортақ классификация жасауға талпынды. Ол ерте темір дәуірі көшпенділерінің мәдени даму кезеңін былайша жіктеп берді: сақ заманы – ерте кезі б.з.б. VIII-VI ғасырлар, кейінгі кезі – б.з.б. V-III ғасырлар; усунь заманы – б.з.б. II ғасыр мен б.з. I ғасыры және ғұн кезеңі – б.з.б. I ғасыр мен б.з. II ғасыры аралығы. Әрине сол кездері аз ғана материалдарға негізделгендігіне қарамастан әрі А.Н. Бернштамның бұл кезеңдестіруі бүгінгі күні азды-кемді ескіргенімен, оның ұзақ жылдар бойы сақталып келгендігін, тіпті әлі күнге дейін ерте көшпенділер тарихи дамуы бойынша негізгі тұжырымдама болып қала беретіндігін де айта кеткен жөн сияқты.

Е.И. Агеева өзінің еңбектерінде Сырдария орта ағысындағы, Қаратаудағы қалалар мен қоныстардан аршып алынған керамикалардың классификациясын жасады. Ол осы дереккөздерінің негізінде ежелгі және орта ғасырлардағы мәдени дамуды көрсетуге талпынды. Зерттеуші қыш ыдыстарын былайша бөліп-жарды: «1. Скиф-сармат керамикасы (б.з.б. VI-II ғасырлар), ол екі топқа (ерте және кейінгі) бөлінеді; 2. Кангюй-хорезмдік керамика (б.з.б. IV-II ғасырлар); 3. Кушан керамикасы (б.з. I-III ғасырлары); 4. Түрік қағанаты мен ерте оғыздар кезеңіндегі керамика (V-X ғасырлар); 5. Моңғол-Тимуридтер керамикасы (XIII-XV ғасырлар); 6. Кейінгі Тимуридтер керамикасы (XV-XVI ғасырлар); 7. Африғид-Саманидтер және Қарахан әулеті кезіндегі ерекше қыштақталар». Алайда зерттеушінің қыш ыдыстарды сыныптауда әрі сол арқылы кезеңдестіруді жасауында кемшіліктер орын алған сияқты. Себебі бірінші және екінші кезеңдер бірнеше ғасырлары бойынша тоғысады, ал екінші және үшінші кезеңдер арасында «бос кеңістік» орын алған, сонымен қатар жетінші бағана өз алдына бөлек көрсетіліп, ешқандай мәдени-тарихи кезең шегінде берілмей тұр.

Қазақстан археологиясының тарихнамасында Ғ.Қ. Омаров алғашқылардың бірі болып соңғы мәліметтер бойынша Алтай-Тарбағатай тауларының аралығындағы сақ тайпалары ескерткіштерінің кезеңдестірілуі мен мерзімделуін бір жүйеге келтірді. Бұл зерттеуші осы өңірде жүргізілген археологиялық зерттеулерді саралай келе, кезеңдестіру мен хронологияға қатысты ой-пікірлерін айтқан ғалымдардың ізденістеріне тарихнамалық шолу жасап, әрбір ғалымның тұжырымын кестеге түсірді. Зерттеуші: «Қазіргі таңда Шығыс Қазақстанмен көршілес Таулы Алтайдың скиф дәуірін Ресей ғалымдары екі кезеңге бөліп

қарастырады: «ерте скиф», «скиф» немесе «пазырық». Бұл кезеңдердің хронологиялық шеңбері және кезеңдері туралы пікірлердің әртүрлілігіне қарамастан негізінен ерте скиф уақыты б.д. IX-VIII ғғ.-дан б.д.д. VI-V ғғ.-дан б.д.д. III-I ғғ.-мен мерзімделінеді» – деп жазады. Осыған орай, Ғ.Қ. Омаров майәмір кезеңінің хронологиясын б.з.б. IX ғасырға дейін жылжытып, ерте темір дәуірінің алғашқы кезеңін «Мәйемер-Шілікті» деп атауды ұсынады. Зерттеушіні толық құптауға болады. Өйткені оның көрсеткен уақытымен және атауымен археологиялық деректемелер толық сәйкестік тауып жатыр.

Біз арнайы қарастырған осы кезеңдестіру тарихи зерттеудің әмбебап әдісі болып табылады, себебі бұл жерде ғылымның деректанулық қоры жүйеленеді және оқиғалар мен құбылыстардың тарихи даму заңдылықтары негізделінеді. Өз кезегінде кезеңдестіруді құру бірқатар арнайы әдістік сатыларға бөлшектелініп кетеді, олардың арасында ескерткіштер хронологиясын анықтау, кезеңдестірудің өзін жасау да бар. Хронологияны анықтау зерттеудің эмпирикалық және нақты-тарихи деңгейлерін байланыстырып тұратын бөлік болып табылады. Кез келген археологиялық нысанды қазу міндетті түрде оның уақытын анықтауға жетелейді. Қазіргі археологиялық іс-тәжірибеде кезеңдестіру хронологиялық сыныптаумен тығыз қарастырылады. Бұған себеп кезеңдестіру ретінде археологиялық фактілердің хронологиялық тұрғыдан рет-ретімен берілуі, ал құрастыру әдісі ретінде көп жағдайда абсолюттік және салыстырмалы мерзімдеу тәсілдерінің қолданылуы болса керек. Кей жағдайда қазақстандық мамандар кезеңдестірілудің өзін әртүрлі атаумен атай береді: «кезеңдеу», «кезеңделу», «мерзімделу», т.б. Мұның өзі қазақша археологиялық терминологияны реттеуді қажет етеді.

«Ежелгі Қазақстан тұрғындарының келбеті, рухани өмірі мен мемлекеттілік мәселесі: тарихнамалық талдау» деп аталатын төртінші тарауда ежелгі дәуір антропологиясы, көне замандардағы діни сана мен наным-сенімдер және қоғамдық құрылысқа қатысты ой-пікірлерін айтқан ғалымдардың ізденістеріне тарихнамалық талдау жүргізіледі.

Кезінде академик Ә.Х. Марғұлан «антропологтардың мәліметтері бойынша, Орал далаларында неолит кезінде қалыптасқан және осында тұрған орал-алтайлықтардың моңғолоидтық типі Онега көліне дейін таралды, шұңқырлы-тарақты керамикамен синхронды ежелгі моңғолоидтық бас сүйек Прибалтикадан да табылды, антропологтар оларды Оралдың сыртқы жағынан келген деп есептейді» – деп жазды. Сарабал ғалым Қазақстан мен Орынбор облысы аумағынан табылған бас сүйектерді зерттеу барысында антрополог Г.Ф. Дебец антикалық заманда немесе тайпалық одақтар кезінде өмір сүрген андроновтықтардың ұрпақтарын тапты, мұның бәрі қызықты болғандықтан одан ары зерделей түсу қажет, алайда келтірілген фактілер солтүстік далалы аймақтардағы қола дәуірі мәдениеттерінің шығу тегі ирандық деп есептейтін ғалымдарды тіптен қызықтырмайды да, бұл ғылыми негізі жоқ үлкен қателік деген болатын [5, с. 81]. Сол себепті де келешектегі ізденістерде осы мәселе кеңінен қарастырылуы тиіс.

Академик О. Ысмағұловтың есімімен отандық антропология ғылымы тығыз байланысты екендігін айта кеткен жөн. Кеңестік заманда қазақ халқының

автохтонды екендігін айтқаны үшін «ұлтшыл» деп айыпталып, сарабдал ғалым өз зерттеу еңбектері үшін қуғын да көрген болатын. Антропология көшбасшысының «Қазақстан тұрғындары қола дәуірінен қазірге дейін», «Қазақстанның этникалық геногеографиясы» сынды іргелі еңбектері шетелдік тарихнамада да кеңінен танымал. Бұл еңбектерінде ғалым республика археологтарының материалдары негізінде сайын далада тіршілік еткен тайпалардың бас сүйектерін екшейді де, антропометрия, одонтология, краниология, серология, т.б. әдістерді пайдаланып, қазіргі қазақ халқының арғы ата-бабалары қола дәуіріндегі андронов мәдениетін қалыптастырғандығын анықтады. О. Ысмағұловтың бастапқы кездегі тұжырымдамасын былайша өрбітуге болады: 1) қазақтар аралас расаға жатады, ол еуропаидтық-моңғолоидтық оңтүстіксібір расасына кіреді, мұның өзі Қазақстан аумағында қола ғасырында басталып XII-XIV ғасырларға дейін созылды, бұдан соң қазақтардың расалық типі өзгеріссіз қалды; 2) еуропаидтық құрауыш жергілікті «андроновтық» антропологиялық тип (О.Ы. Ысмағұлов термині бойынша «ежелгіқазақстандық») қола дәуіріне барып тіреледі және Қазақстан тарихының барлық мәдени-тарихи кезеңдерінен бастап қазіргі заманға дейін сақталып қалды; 3) Орталық Азиядан келген топтар (моңғолоидтар) қазақтардың расалық типінде өз ізін қалдырған, бірақ олардың өздері де саны жағынан әлдеқайда көп Қазақстан халқына сіңісіп кеткен.

Диссертациялық жұмыста бірқатар антропологтардың (В.В. Гинзбург, Г.Ф. Дебец, Т.И. Алексеев, Т.А. Трофимова, Л.Т. Яблонский, Т.К. Ходжайов, т.б.) еңбектеріне тарихнамалық талдау жүргізілді. Дегенмен Қазақстан антропологиясы ғылымы көшбасшысы О. Ысмағұловтың ізденістері осы ғылыми бағыттағы негізгі қорды құрайды деуге болады. Уақыт өте келе зерттеуші соны тұжырымдамалар жасай алды. Зерттеушінің басты-басты концептуалдық ойлары кейбір мамандар тарапынан өзіндік бағасын иемденіп жатыр. Мәселен, 2009 жылы қарашада өткен «Қазақстанның ортағасырлық тарихы: нәтижелері мен болашақ зерттеу жолдары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда сөйлеген баяндамасында С.Ф. Мажитов Қазақстандағы антропологиялық зерттеулердің негізгі дамуына азды-кемді тоқталып кетіп, ғалымның «тұрандық нәсілдің қазақстандық нұсқасына жататын антропологиялық қазақ типі XIV-XV ғасырларда толық қалыптасты» және де «қазақтар өз төл топырағында өсіп жетілген» деген тұжырымдамасын жоғары бағалады. Қысқаша қайырғанда, О. Ысмағұловтың антропологиялық зерттеулері қазақ халқының автохтонды екендігін, оның қайнар-бастаулары ілкі замандарда жатқандығын толығымен дәлелдеп берді. Дегенмен кейбір мамандар (Ходжайов) әлі күнге дейін О. Ысмағұловтың ескі концепцияларын қолдап, тұрандық нәсілдің қазақстандық нұсқасын жоққа шығаруға талпынып келеді.

Ал осы тарауда арнайы қарастырылған дін қай уақытта болмасын кез келген қоғамдағы рухани өрлеу мен жетілудің негізгі көзі болып табылады. Дегенмен, дінтанушы-мамандар теориялық-методологиялық тұрғыдан компенсаторлық, біріктірушілік, реттеушілік, дүниетанымдық, саясылық, түсіндірушілік, бөлшектеушілік, репресивтілік, көрсетілімділік секілді діннің басты-басты қызметтеріне (функцияларына) нақты талдаулар жасап, мәселені

мейлінше тереңдете қарастырған. Шетелдік тарихнамада кейде дінді тарихқа дейінгі және тарихи деп бөліп, оның алғашқысы аңшылық, балық аулау кәсібімен шұғылданушылық және терімшілік орнаған аумақтарда, ал екіншісі Месопотамия, Мысыр және Қытай сынды отырықшылық өркениеттерде қалыптасқан деген тұжырымдама орныққан. Соған байланысты тарихқа дейінгі дін дәуірі шамамен бұдан 2 млн. жыл бұрын басталып, б.з.б. IV-мыңжылдықта соңына дейін, яғни жазу келіп шыққанша шейін созылған деген меже белгіленген. Немесе қарапайым түрде дін политеистік (көптәңірлі) және монотеистік (біртәңірлі) деп те сыныпталынады. Бұлардың қайсысы бұрын қалыптасқандығы туралы пікір-таластар ертеден-ақ ғалымдар арасында орныққанымен, ғылымда алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі нақты діни ойлау жөнінде жазба деректердің болмауы, бұл мәселені түпкілікті шешуге әсте мүмкіндік бере қоймайды.

Діннің шығуына және дамуына әртүрлі жағдайлар (тұрмыстық-шаруашылық, саяси, т.б.) өзіндік әсерін тигізеді, ол адам ақыл-ойында теориялық ойлау мен дерексіз түсініктердің қалыптасуына алып келеді де, белгілі бір қоғамның қажеттілігіне сай түрлі сенімдердің орнығуына себепкер болады. Осыған орай көптеген мамандар дін тұрпаттарын тайпалық (анимизм, магия, тотемизм, фетишизм, т.б.), ұлттық (иудаизм, конфуциандық, даосизм, сикхизм, синтоизм, т.б.) және әлемдік (будда, христиандық, ислам) деп бөледі. Шындығына келгенде, барлық діндердің мақсаты бір Жаратушыға немесе тылсым күшке табыну болып табылады. Сондықтан да қай уақытта болмасын діндар адам баласы имандылыққа ұмтылған, дінсіздің өзі дәрменсіздікке душар болған жағдайда ең алдымен тылсым күштерден, яғни тәңіріден жәрдем сұраған.

Кеңестік тарихнамада ежелгі тайпалардың идеологиялық көзқарастарын қарастыруда іргелі ізденістер жасалды. Д.С. Раевский, Ю.А. Рапопорт, А.М. Беленицкий, С.С. Бессонова, Д.М. Дудко, Б.А. Литвинский, К.Ф. Смирнов, Ю.Я. Перепелкин, С.И. Руденко, А.Д. Столяр, С.С. Черников, т.б. еңбектері әлі күнге дейін өз құндылығын жойған жоқ. Соңғы жылдары ресейлік тарихнамада да бұл мәселелер жаңа қырынан көтеріле бастады. Ендігі жерде бұрынғы тар да таптық идеологиялық қыспақтарсыз дін мен қоғам қарым-қатынасы кеңінен зерттеліне бастады. Мұндай жағдай шетелдік тарихнамада байқала қоймағандығы да анық аңғарылады. Ешқандай саяси кедергілерсіз діни наным-сенімдерді зерттеу отандық тарихнамада да соңғы онжылдықтарда жолға қойылып отыр. Бұл ретте З.С. Самашев, Ю.А. Мотов, И.А. Кукушкин, сондай-ақ Г.А. Базарбаева, Г.С. Жұмабекова, т.б. бірқатар ғалымдардың еңбектері жарияланған. Олар Қазақстан аумағындағы көптеген ғибадатханаларды зерттеген, жерлеу ғұрпының өзіндік ерекшеліктерін анықтаған, кейбір культтардың (жылқы, күн, т.б.) ғылыми мәнін талдаған.

Ал кейбір мамандар археологиялық нысандардың сыртқы келбетінде мол діни-мифтік ақпараттар легі бар екендігін көрсетуге тырысқан. Мысалы, «Шығыс Еуразия культтық ескерткіштері планиграфиясының семиотикасы» деп аталатын мақалаларында К.А. Ақышев, М.Қ. Хабдулина сынды ғалымдар археологиялық ескерткіштердің сипатына қарап, діни көзқарастар немесе

таным-түсініктер аясын өрбітуге тырысты. Бұл ғалымдардың айтуынша, археологиялық және иерархиялық символдар белгілі бір этностардың космологиялық түсініктерімен тікелей байланысты. Бұған қатысты олар былай деп тұжырым жасайды: ежелгі қоғамда кеңінен таралған белгілер жүйесінің түсінігі мынадай: шеңбер – күн, ай, шексіздік символы; сфералы үйінді – аспан асты, әлемдік тау; айқыш тәрізді тас қаландылары – әлемнің тараптары; төрт бұрыш – әлемнің тараптары; шеңбер ішіндегі айқыш тәрізді қаланды – күн, ай және әлем тараптары; көптеген тас сақиналарынан немесе айналдыра қойылған менгирлі қоршау – күн, ай, жұлдыздар; және де айқышты қаландысы бар үлкен тас сақинамен қоршалған жеке тұрған жартас бөлігі (сынығы) – әлемдік тау, күн, ай және әлемнің тараптары. Байқап отырғанымыздай, ескерткіштердегі негізгі бөліктер күн, ай және әлемнің тараптарына барып тіреледі. Әйткенмен мұны әлі де нақтылай түсу қажет. Өйткені қоршаған ортадан алынған шикізат көздері культтық ескерткіштердің тұрғызылуына да өзіндік әсерін тигізген. Және де діни көзқарастар бұдан әлдеқайда күрделі екендігі анық. Мұны антикалық жазба дереккөздері де растайды. Оған қоса сан алуан культтардың (бұғы, марал, бұқа, қабан, т.б.) да таралғандығын айта кету керек. Мамандар сонымен қатар сақтарда ата-баба аруағына, отбасылық-рулық әулиелер мен желеп-жебеушілерге сиыну ғұрыптары да кеңінен таралды деп есептейді. Дегенмен әрбір мәдени-тарихи дәуірдегі қоғамдық діни сана өзгеріп отырғандығы анық.

Осы тарауда арнайы қарастырылған мәселелердің бірі сақтардағы мемлекеттілік болып табылады. Ерте темір дәуіріндегі скифтердің қоғамдық құрылысын зерттеген мамандар көбіне оның қандай құрылыс екендігіне ерекше тоқталып кетті. А.И. Тереножкиннің «Скифтердің қоғамдық құрылысы туралы» атты еңбегінде аталмыш мәселенің тарихнамасы біршама жасалған: өткен ғасырдың 30 жылдары В.И. Равдоникас және М.И. Артамонов скиф қоғамы Ф. Энгельс айтқандай әскери демократия типіндегі патриархалды-рулық қоғам болды десе, А.П. Смирнов, С.П. Толстов сынды ғалымдар скифтерде таптық, құл иеленушілік қатынастар қалыптасқан, ал Скифияның өзі құл иеленуші мемлекет болған деген тұжырымға келген. Ал 1950 жылдары Б.Н. Граков б.з.б. VI-V ғасырларда скифтерде рулық құрылыс сақталған, ал б.з.б. V ғасырының соңынан бастап орталықтандырылған скиф мемлекеті пайда болғандығы жөнінде гипотеза айтты. А.И. Тереножкиннің өзі біршама жылдар патриархалдық концепцияның қолдап келді, дегенмен кейіннен А.П. Смирнов пен С.П. Толстов пайымдауларын дұрыс деп тапты да, скифтерде б.з.б. VI ғасырда құл иеленуші мемлекет болғандығы жөніндегі тұжырымға келді. Негізінен алғанда, жоғарыда аты аталған зерттеушілердің барлығы да скиф қоғамы құл иеленуші болды деп есептеді. Зерттеушілердің (М.И. Ростовцев, М. Эберт, Ж. Дюмезиль, т.б.) басқа бір бөлігі скифтерде қоғамдық құрылыс феодалдық сипатта болғандығын айтқан еді. Ал кейіннен скифтердің әлеуметтік тарихын іргелі еңбегінде жан-жақты сипаттап жазған А.М. Хазанов болса скиф қоғамындағы билік өкілдері мен қарапайым халықтың (патша, абыз, құл, т.б.) ара-жігін тарқата отырып, оны ерте таптық деп бағалады. Басқа авторларға қарағанда А.М. Хазанов скиф патшалығының негізгі кезеңдерін «патшалықтар»

бойынша бөліп көрсетуге талпынды. Зерттеуші скифтердің бірінші патшалығы олардың Алдыңғы Азияға жорығы кезінде, екінші патшалығы одан қайтқан соң қалыптасты деген тоқтамға келді де, көшпелі скифтердің мейлінше топтасқан кезі деп парсы патшасы Дариймен күрес жүргізген уақытты, яғни б.з.б. VI ғасыр соңын атады.

Бірқатар мамандар көшпелі қоғам билігіне күмәнмен қарайды. Бұл жерде барлық мәселе көшпелі қоғамдық құрылысқа барып тіреледі. Көшпелілікті ғылыми тұрғыдан зерделеген Н.Н. Крадиннің айтуынша, көшпелілердің әлеуметтік құрылысына қатысты негізгі төрт көзқарас қалыптасқан. Олар: 1) көшпелілердің таптық қарсаңындағы (предклассовое) қоғамы (С.И. Вайнштейн, Л.С. Васильев, К.П. Калиновская, В.А. Шнирельман, т.б.); 2) көшпенділердің ерте мемлекеті (Е.Н. Бунятин, С.Г. Кляшторный, Е.И. Кычанов, А.И. Мартынов, М.С. Мейер, А.И. Першиц, т.б.); 3) көшпелілердегі феодализм: а) «көшпелі феодализмнің» ортодоксалды нұсқасы (И.Я. Златкин, М.Х. Маннай-Оол, Л.П. Потапов, т.б.); б) «көшпелі феодализмнің» сауын версиясы (А.В. Даньшин, К.И. Петров, Ф.Я. Полянский, т.б.); в) феодализм негізіндегі көшпелілерге билік жүргізу (Н.Ц. Мункуев, А.В. Попов, В.С. Таскин, Г.А. Федоров-Давыдов, т.б.); г) «жайылымнан қалаға» седентеризациясы кезіндегі феодализмнің қалыптасуы (С.А. Плетнева). Сонымен қатар номадизм ішкі табиғатының сипаты жайын көрсетпей-ақ оның феодалдық мәні туралы да көзқарастар айтылды (А.А. Арзыматов, Л.Л. Викторова, Д.Е. Еремеев, Д.И. Кішібеков, т.б.); 4) ерекше номадтық (Г.Е. Марков, Н.Э. Масанов), немесе экзополитарлы (Н.Н. Крадин) көшпелілер өндірістік тәсілі. Біздіңше, қалай болғанда да, жоғарыда аталған ғалымдардың біразы көшпелі құрылыстың бірқатар мәселелерін, соның ішінде ерте мемлекеттілік, таптық қатынастар, феодализм сынды жайттарын мойындаған.

Отандық тарихнамада көшпелі қоғамның бірқатар проблемалары кейінгі уақыттары біршама көтеріліп келеді. Осы тақырыпқа мамандар (А.И. Оразбаева, т.б.) іргелі еңбектер жариялағандықтан, біздің тарапымыздан бұл мәселе арнайы қарастырыла қойған жоқ. Дегенмен, осы көне дәуірдегі қоғамға тән билік, мемлекеттілік проблемалары келешекте тарихнамалық талдаудан өтуі тиіс деген ойдамыз.

Соңғы жылдардағы археологиялық деректер ерте темір дәуірінің бас кезінде «патшалық» обалардың тұрғызылғандығын (Шілікті; Ә.Т. Төлеубаев) нақты көрсетеді. Мұның өзі де ерте темір дәуіріндегі қоғамдық құрылысты кешенді зерттеудің қажет екендігін аңғартса керек.

«Ерте темір дәуіріндегі дала тұрғындары өркениеті» деп аталатын бесінші тарауда көрсетілген мәдени-тарихи кезеңдегі этностардың этнонимдері, ежелгі қалаларының орналасқан орны мен халықтардың тіршілік еткен өңірлері, мекендері туралы өз пайымдауларын айтқан мамандардың ой орамдары тарихнамалық талдаудан өткен.

Ерте темір дәуірінде Қазақстан аумағында сан алуан тайпалар мен халықтар тіршілік етті. Олар жайында жазбаша дереккөздерінен там-тұмдап болса да мәлімет алуға болады. Алайда ғалымдар арасында әрбір этнос атауына, оның

мазмұны немесе түп-төркініне қатысты бірнеше көзқарастар орын алып отыр. Тіпті кейбір болжамдар ғылыми негізсіз долбарлап жасалына салады.

Жалпы алғанда, зерттеушілер назарын ертеден-ақ өзіне аударған этнонимдердің бірі «массагет» болып табылады. Солардың бірі ретінде ежелгі халықтардың атауына қатысты айтылған сан алуан пікірлерді бір ізге түсірген С.П. Толстовты атап кетуге болады. Кейбір ғалымдар «массагет» атауы «*masyo*» сөзінен, яғни «балық» дегенді білдіретін түбір сөзден шыққан дейді де, массагеттер балық аулаумен күнелткендіктен олар осы атауды иемденген, сөздің өзі «балық жегіштер» деген мағына береді деген пікірді ұстанады. Ал бұған қарсы пікір айтушылар антикалық дереккөздеріндегі, соның ішінде Геродоттың «Тарих» атты еңбегіндегі массагеттерді көшпенді деп көрсетуін алға тартып, оны теріске шығарады. Зерттеушілердің басқа бір бөлігі «массагет» термині «мас», «сака» және «та» сөздерінен құралған, оның мағынасы «ұлы сақ ордасы» деп біледі. Ал С.П. Толстовтың өзі болса «массагет» этнонимі «маза – ұлы» және «гет» сөздерінен құралуы ықтимал, яғни аталмыш термин «ұлы геттер» деген мағына беруі мүмкін дейді. Қалай болғанда да, айтылған пікірлердің қай-қайсында болмасын шындық бар сияқты. Алғашқы көзқарасты ұстанушылар милеттік Гекатейге барып тірелетін Страбонның массагеттер «өзендер қалыптастырған батпақты мекендейді» немесе «бұл батпақтардағы аралдар» сынды сөздеріне назар аударады. Бәлкім бастапқыда «массагет» атауы осы батпақты жерлерді мекендеген аз ғана халыққа таңылған да шығар, сосын барып қана тыныс-тіршілігі мен жосын-жоралғылары ұқсас осы өңірдегі бірқатар этностарға таралуы мүмкін екендігін де жоққа шығаруға болмайды. Одан кейін барып дыбыс үндестігіне сәйкес халық өзін «ұлы геттер» деп атаған да болар. Әрине, бұлардың барлығы тек болжам ғана, кесімді пікір айтуға әлі ерте.

Сондай-ақ уфалық зерттеуші Р. Исмагил *Massagetae* этнонимі *mas-*, және *-agetae* сынды екі құрауыштан тұрады, соңғы аталған *agetae* скиф дәуірінде кеңінен таралған (гет, авхет, эхват, т.б.), ол кейінгі уақытта біршама қолданылатын *jeget* (егет, игит, жигет, жігіт), яғни «жігіт» сөзі деген пайымдау жасайды. Бұл зерттеуші массагеттердің батыстағы табиғи шекарасы Аракс өзені (мұнда Еділ немесе Әмудария) және Каспий теңізі болды, осы жерлердегі мүйіс түрік (дәлірек айтқанда башқұрт) тіліндегі мөйөш (мойош), яғни бұрыш деген мағына береді, мұнда тұрған халықты массагеттер, яғни бір «бұрышта өмір сүріп жатқан жігіттер» деп атаған дейді. Ол «тиссагет» этнонимі теріскей сөзінен қалыптасқан, бұл сөздің «теріскей (солтүстік) жігіттері» деген мәні бар деп те көрсетеді. Сөйтіп, Р. Исмагил *agetae* сөзін түріктендіреді. Біздің ойымызша Р. Исмагил тарапынан берілген анықтама ешқандай сын көтермейді, себебі бұл «масса» – тез, жылдам, ал «гет» – қозғалмалы, жылжымалы, яғни «массагет» этнонимі «жылжымалы адамдар» деген мағына беретіндігін айтқан зерттеушілер (Ю. Хадзиев) пайымдауларымен бірдей пікір сияқты. Сондай-ақ кезінде «савромат» этнонимі туралы да бірнеше көзқарастар айтылды. Біреулер бұл сөздің мағынасы «тон (шуба) кигендер» десе, басқалары «салт атты» деп топшылады. Қалай болғанда да мұның барлығы дыбыс үндестігінен туындаған сөздерді талдаудың нәтижесі болып табылады. Сондықтан да этнонимдерді

зерттеген кезде олардың дыбысталуына емес, сөздің түпкі мәніне баса назар аударған жөн сияқты.

Мамандар ұдайы қарастырып келе жатқан этнонимдердің бірі «сақ» болып табылады. Бұл терминге көпшілік тарапынан аса ден қойылуын, біріншіден оны кейбір ғалымдардың «қазақ» этнонимімен байланыстыруынан, екіншіден сақтарды қазақ халқының ата-бабасы ретінде танып-білуге ұмтылумен түсіндіруге болатын сияқты. «Сақ» және өзге де сан алуан этностардың атаулары жөніндегі мәселені алғашқылардың бірі болып В.В. Григорьев 1871 жылы шыққан монографиясында көтерді. Ал еуропалық скифтер мен азиялық сақтардың ара-қатынасын, өзіндік ерекшеліктері мен өзгешеліктерін алғашқылардың бірі болып отандық тарихнамада К.А. Ақышев нақты айқындады. «Сақ» атауы төңірегіндегі пікірлер мен түсініктер дереккөздерінің қандай тілде (грек, парсы, қытай) жазылғандығына да байланысты болып келеді. Зерттеушілердің басым бөлігі *saka* терминін иран тілінен алынған деп есептейді. Соған байланысты оның түбірін іздестіруде осы тілге және өзге тілдердегі таным-түсініктерге негізделген түрлі жорамалдар жасалынды. Бұларды жүйелеп шыққан зерттеушілердің бірі Р. Исмагил аталмыш терминді бірқатар мамандардың «қалқан» (Ст. Византийский), «ит» (В. Виндекенс, Р. Кент), «жүгіріп бара жатқан», «көшпелі» (О. Жемераньи), «бұғы» (В.И. Абаев), etc. (Б.А. Литвинский) деп аударғандығын айта келіп, ұзақ уақыттар бойы «сақ» этнонимін «сақау» не болмаса «жасақ» (жасақ төлеу, алым-салық) сөзінен келіп шығуы мүмкін екендігін ойлап жүргендігін, бірақ бұның қайнар-бастауы қазақ тіліндегі сүйек, башқұрт тіліндегі сояқ, алтай тілінде соек сөздерінде жатыр деген қорытындыға келгендігін айтады. Нәтижесінде зерттеуші «*Saka* этнонимі скиф (түрік) тіліндегі «халық» немесе «тайпа» деген мағына береді» деп қорытынды жасайды. Одан кейін бұл зерттеуші (*saka*) *tigrahauda* сөзінің киімге еш қатысы жоқ дей келе, оны қималап түбірі ретінде *turk jegete* сөздерін алады да, оның мағынасы (тиграхауда сақтары) «түрік жігіті» дегенді білдіреді деп тоқтайды. Содан соң *saka tigrahauda* атауын «халық (тайпа): түрік-жігіті» мағынасында дегенді сеніммен айтады. Біздің ойымызша, мұның барлығы шындыққа жанаса қоймайды: біріншіден – «ақ сүйек» пен «қара сүйек» сөздері көбіне әлеуметтік мағынада қолданылады; екіншіден – автор өзге тілдегі сөздерді тек түркілендірумен ғана айналысады.

Ендігі кезекте осы «қаңлы» немесе «кангюй» этнониміне азды-кемді тоқталып кетелік. Негізінен алғанда, «қаңлы» этнонимінің төркіні, шығу тегі мен сан түрлі нұсқалары академик Ә. Қайдар тарапынан кеңінен қарастырылып, зерттеушінің «Қаңлы» атты монографиясында көрініс тапты, оны қаңлытанудың темірқазығы іспеттес еңбек деуге болады. Онда автор түрік халықтарының этногенезінде маңызды рөл атқарған қаңлы тайпасының 40-тан астам атауы бар екендігін есептеп шыққан. Монографияда кеңестік, шетелдік және қазақстандық көптеген ғалымдардың (Ш.Ш. Уәлиханов, Ш. Құдайбердиев, Ә.Х. Марғұлан, Ә. Құрышжанов, т.б.) аталмыш атауға қатысты ой-пікірлерін жүйелеген автор «қаңлы» атауына байланысты өзен-су идеясы мен арба идеясына негізделген екі көзқарас кеңінен таралғандығын айтады.

Ал әлемдік тарихнамада айтылып жүрген ғұндарға тоқталар болсақ, ғылыми әдебиетте бұл атаудың хунну, хун, сюнну түрінде кездесетіндігі белгілі. Ескерте кететін бір жайт, отандық тарихнамада «ғұн» терминін қолдануда бірізділік жоқ. Ғылыми әдебиеттерде, оқу құралдары мен оқулықтарда «хұн», «хунну», «сюнну» секілді терминдер қолданыла береді. Бір ғалымның бірнеше терминді өз қалауынша қолдана беруі жиі кездеседі. Мысалы, академик К.М. Байпақов, т.б. түзген «Қазақстан археологиясы» оқу құралында бастапқыда (1993) «сюнну» термині қолданылса, олар жазған келесі бір оқу құралында (2006) «хунну» атауына басымдық беріледі. Әрбір автордың да оған қатысты өз «термині» бар. Мәселен, өз зерттеулерінде С.К. Өтениязов «хун» сөзін пайдаланса, Ә. Дәулетхан ізденістерінде «хұн» терминін қолданады. Келесі бір зерттеушілер «һұн» деп алған. Қазақстандық оқулықтардың көпшілігінде «ғұн» сөзі кеңінен қолданылады. Бұдан шығатын қорытынды, отандық тарихнамада аталмыш этнос атауын бір жүйеге келтіріп алған жөн. Содан кейін барып терминнің шығу төркінін, мән-мағынасын ашуға бел байлаған абзал.

Сондай-ақ ғалымдардың (К. Васильев, т.б.) біразы «хунну» мен «сюнну» бір этнонимнің екі түрлі транскрипциясы екендігін айтады. В.С. Таскин сынды белгілі шығыстанушының «сюнну» иероглифі «қатыгез құл», ал «гунну» иероглифі «қадырменді құл» деген мағына береді деген сөздерін еске сала кеткіміз келеді. Бірақ, мұны көпшілік мамандар қолдай қоймайды. Бұл халық әдебиеттерде, әсіресе ғұн, хунну атымен кеңінен танымал екендігін ескерсек, хунну халқы, немесе жаңаша транскрипция бойынша сюннулар өз кезегінде еуропалық ғұндардан ажыратылып көрсетіледі [17, с. 137].

Армян дереккөздерінде де «ғұн» атауы ұшырасады. V-VII ғасырлардағы армян дереккөздерінде аталмыш термин *hōn* (к) деп берілген. Этнонимдердің ұқсастығына қарап зерттеушілер *hōn* мен *hup* бір мағынадағы сөз деп пайымдайды. Кейбіреулер хондарды кавказдық тайпалар десе, мамандардың басым бөлігі оларды түрік тілді халық деп топшылаған. Дегенмен зерттеушілер аталған терминнің мән-мағынасына, шығу төркініне үңіле қоймаса да, армян дереккөздеріндегі ғұндардың терминдері мен лауазымдары түрік тілді екендігіне назар аударады. Келешекте көне армян дереккөздеріндегі түрік тілді халықтарға қатысты жайттар отандық тарихнамада арнайы зерттелуі тиіс, себебі бұл деректемелер арқылы Кавказ бен Орталық Азия халықтарының ежелгі замандардағы тарихи-мәдени байланыстарын нақтылай түсуге болады.

«Юечжи» атауы да отандық тарихнамада азды-кемді кездесіп тұрады. Оны бірқатар мамандар «ұлы иозы» деп атап, «Ұлы жүз» сөзінің түпкі мәні ретінде қарастырады. Десе де, ұлы иозы тайпаларының ежелгі Қазақстан тарихындағы орны жеткілікті дәрежеде қарастырыла қоймаған. Тарихи деректер усуньдер құрамында сақтар да, юечжилер де бар екендігін көрсетіп тұрғанымен, оны мойындағысы келмейтін өзге пиғылдағы зерттеушілер сақтарды да, юечжиларды да батысқа қарай көшіп кетті деген сөздерден таймайды. Расында, юечжилардың екіге бөлінгендігі (Ұлы иозы және Кіші иозы), олардың бес тайпасы Кушан империясының негізін қалағандығы тарихи шындық. Дегенмен дереккөздері юечжилердің Қазақстан аумағы мен онымен шекаралас аймақтарда қалғандығын растайды. Кейбір мамандар оны «ружы» сөзімен атаған дұрыс деп

ойлайды (Н. Мұқаметханұлы). Юечжилерге қатысты көркем аудармашылар «нүкіс» сөзін де қолданған. Алайда мұның өзі азды-кемді күмән туғызады. Бұл атаудың қайдан шыққандығы, не себепті осылай алынғандығы жайлы ешқандай мәлімет берместен ҚХР көркем аудармашылары неге екендігі белгісіз аударма кітаптарда оларды «нүкіс» деп тәржімалаған. Мұны кейбір зерттеушілер аталмыш этнонимнің мән-жайына бармай-ақ, кеңінен пайдаланып жүр. Нәтижесінде ежелгі Қазақстан тарихындағы тайпалар мен халықтардың атауын бағамдауға едәуір нұқсан келуде.

Өз кезегінде Н.Я. Бичурин қытай дереккөздерін талдай келе «Юечжи халықтың, мемлекет пен билеуші әулеттің белгісіз тілдегі өз атауы» және олардың тұрмыс-салты ғұндарға ұқсас деп көрсеткендігін айтқан. Зерттеуші А. Ходжаев «Топонимнен этнонимге трансформацияланған «юечжи» туралы» деп аталатын мақаласында терминінің көне замандарда оқылуына тоқталған. Автор онда «юечжи» сөзі екі иероглифтен тұрады, алғышқы «юэ» түбірі ежелгі замандарда «gu», кейінгі буыны «zie» деп оқылған, «Ханьюй дацзыдянь» шығармасында көрсетілгендей, руды, мемлекет атауын, шенеуніктік лауазымдарды белгілеген кезде «zie», сонымен қатар «shi» деп те оқылған, ал Хань дәуірінде мемлекет атауын атаған кезде ол «zhi» деп оқылғанын жазады, сондықтан да зерттеуші осы этнонимді «роузиэ», «рутзиэ» немесе «руциэ» деп белгілеген дұрыс дейді. Автор қызықты фактының бірі ретінде сяроузиелер (кіші иозылар) өздерін ху (хунну) деп атағандығын келтірген. Нәтижесінде ол роузиелер түрік тілді деген қорытындыға келген. Көптеген дереккөздерін талдай келе А. Ходжаев «роузиэ» термині алғашқыда мемлекеттің атауын білдірген, оны түріктерге қатысы жоқ халық ретінде қарастыруға болмайды, бұл мемлекеттің халқы парсы тілі мен мәдениетінің ықпалына Ауғанстанның солтүстік өңіріне көшкеннен кейін барып қана түскен деп пайымдау жасады. А. Ходжаевтың айтқан пікірлері шындыққа жанасады. Өйткені олардың билеушелеріне тиесілі лауазымдар (жабғу, т.б.) түрік тілді екендігі белгілі. А. Ходжаев ҚХР ұйғыр ғалымдары айтқан юечжи терминіне қатысты пікірлерді қолдамады. Олар «юй» сөзін нефритпен байланыстырған болатын.

Мамандар арасында «юебань» этнонимі туралы да сөз болды. Пікір-таластар көбіне осы Юебань иелігіне қатысты айтылды, оның аумағы, орналасқан территориясы, саяси тарихы секілді күрделі мәселелерге қалам тартқан зерттеушілердің біразына тиесілі ізденістерді Н.А. Аристов жан-жақты сипаттап берген. Н.А. Аристов іргелі еңбегінде Дегинь, Клапрот, Нейман, т.б. зерттеушілер жорамалдарын талдайды да, қытай деректемелерін пайдалана отырып, «юебань» және «чубань» этнонимдері қазіргі Ұлы жүз құрамындағы «албан» мен «суан» тайпаларына ұқсастығына назар аударады. Алайда Н.А. Аристов құнды пайымдаулар жасағанымен этнонимнің түп-төркінін нақты шеше алмады. Оған автордың бұл сөзді буынға бөліп-жарып талдауы, «юебань» терминін Н.Я. Бичуриннің дұрыс аудармауы кедергісін келтірген еді.

«Юебань» этнонимін соңғы жылдары қайта қарастырған мамандардың бірі Б. Еженханұлы болып табылады. Ол «Юебань этнонимі туралы», «Юебань» елі туралы қытай дерегінің Н.Я. Бичурин аудармасын қайта оқығанда» секілді кесек-кесек мақалаларында бұл мәселені бүге-шігесіне дейін қарастырды да,

«юебань» атауының төркінін анықтауға тырысты. Автор «юебань» этнонимінің ХІХ ғасыр зерттеушілері тарапынан қарастырылғандығын жаза келіп, Нейман оны Прокопийдің «Euligsia» деп атаған Арал теңізі шығысындағы елдердің жалпы атауының бір нұсқасы, Томашектің «жапан дала» деген мағына беретін «ябань» деп атағандығын, Н.А. Аристовтың дулудың 5 тайпасының біріне кіргізгендігін айтып өтеді. Б. Еженханұлы қытай тілінде екі иероглифтен тұратын «юебань» этнонимін қайта транскрипциялап, оның «албан» атауына сайма-сай келетіндігін дәлелдеген. Зерттеушінің сөздерін толық құптауға болады. Бұл жерде, біріншіден – ежелгі және орта ғасырлардағы қытай тілінің дыбысталу заңдылықтары ескерілген, екіншіден – басқа тарихи-этнологиялық мағлұматтар бойынша да аталмыш этностың өзіндік ерекшеліктері көрсетілген.

Жоғарыда айтылған массагеттерді бірқатар зерттеушілер дах немесе дай тайпаларымен тығыз байланыстырады. Бұл ежелгі этносқа байланысты отандық тарихнамада бірнеше көзқарастар бар. Оны кейбір зерттеушілер (Ә. Сарай, т.б.) қазіргі адай руының арғы ата-бабасы десе, басқалары (Б.Б. Ирмуханов, т.б.) бүгінгі адайлармен олардың ешқандай қатынасы жоқ деп есептейді. Белгілі ғалым С.Е. Әжіғали «дах-дай» этнонимін ІІ ғасырдағы Птоломей картасындағы Орал өзенінің «Даикс» атты ескі атауымен байланысты болуы ықтимал екендігін жазады. Мұны алғашқылардың бірі болып К.Ф. Смирнов та айтқан болатын. Кейбір зерттеушелер ежелгі дах тайпаларын қазіргі дағыстандықтармен де байланыстырады. Келешекте жергілікті адай тайпалары мен дағыстандықтар арасындағы генетикалық байланыстарды, мәдени-тарихи қатынастарды да зерттеп көру қажет сияқты.

Еңбекте қазақ тарихына тікелей қатысы бар деп саналатын ежелгі халықтар мен тайпалардың этнонимдеріне басқаларына қарағанда тереңірек тарихнамалық талдау жасалып, негізгі концептуалдық ойлар жүйеленді. Автореферат көлемі шектеулі болғандықтан «усунь» этнонимі жайындағы пікірталастар мұнда қамтыла қойған жоқ.

Міне, жоғарыда біз бірқатар этнонимдерге тарихнамалық талдау жасадық. Алайда көптеген халықтар мен тайпалардың атауы әлі де өз зерттеушісін күтіп тұр деуге болады. Мысалы, А. Ходжаев «Суй шу» және «Бэй ши» мәліметтері бойынша б.з. ІІ-V ғасырларында шығыста Моңғолия мен Шығыс Түркістаннан, батыста Қара теңіз жағалауына дейін, сонымен қоса оңтүстікте Сырдария өзенінің өңірінде 40-тан астам түрік тілді тайпалар өмір сүргендігін айта келіп, олардың арасынан адиз (аде, хэде), хазар (хэчже, хэцзие), бұлғар (боху), пешенек (бэйган), қоғай (кугай, жюйхай), басмыл (хэбэйси, абуси), бортас (хэцо, емо), свар немесе сібір (суба), емак (емо), гот (кэда), саригур (сулуцзе), саксин (саньсуянь), мокшас (мецу), шеркес (саху) секілді этностарды атап кетеді. Бұл халықтардың этнонимдері тұрмақ, ерте темір дәуіріндегі саяси тарихы, заттай мәдениеті де әлі күнге дейін жүйелене қойған жоқ. Осыған да келешекте мамандар тарапынан ерекше назар аударылуы тиіс.

Ерте темір дәуіріндегі этнонимдерді зерделеген басты-басты мамандардың осы ғылыми-зерттеу ісі бойынша алған нәтижелері мен жасаған қорытындыларын біршама қарастыру барысында анықталған жайттар бұл мәселені зерделеуде лингвистикалық бағыт басымдық танытады деп

тұжырымдама жасауға мүмкіндік береді. Одан соң этнонимнің төркінін белгілі бір рудан, географиялық нысандардан да іздестіру бағыттары айқындалды. Алғашқысы көп жағдайда билік басына келген рудың не болмаса әулеттің атауымен байланыстырылса, кейінгісі сол этнос жайлаған географиялық нысанмен (көбіне тау, өзен) байланыстырыла қарастырылады.

Жалпы алғанда, ерте темір дәуірінің орта тұсында Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу жерін кангюй (қаңлы) және усунь (үйсін) сынды ірі мемлекеттердің халқы жайлағандығы белгілі. Кангюйлердің жетіасар, отырар-қаратау және қауыншы археологиялық мәдениеттеріне, усуньдердің іле, жетісу және қаратал археологиялық кезеңдеріне жататын көптеген қоныстардың орындары аршылып, бұл өркениеттердің өзіндік ерекшеліктерін әлемге паш еткен археологиялық еңбектер жарық көрген. Сонда да болса, көне дерек көздерінде айтылатын осы мемлекеттердің астанасы қай жерде орналасқандығы туралы сан түрлі жорамалдар жасалынған.

Мысалы, кангюйлердің астанасы көне деректемелерде Битянь деп көрсетілген. Мұны Қазақстан тарихының оқулықтарынан да жиі кездестіруге болады. Бірақ, көптеген оқулық авторлары Битянь қаласының қай жерде орналасқандығын айта қоймайды. Көбіне «қаңлылардың астанасы – Битянь» деген сөздермен шектеледі.

Ғалымдар арасында ХІХ ғасырдан бастап-ақ орны әлі күнге дейін анықтала қоймаған, соған байланысты орасан зор пікір-таластар тудырып келе жатқан ең ежелгі қалалардың бірі – усунь мемлекетінің астанасы Чигу болып табылады. Ғылыми әдебиеттерде, оқулықтарда ол әрбір зерттеуші таным-түсінігі бойынша Чигу, Чігу, Шыгу, Чығу, Чыгу, Шығу, Чигу-Чень, Чигучен (чен – қытайша «қала»), сондай-ақ аударма түріндегі Қызыл аңғар, Қызыл алқап деп түрліше атала береді әрі көпшілік мамандар оның не себепті бұлай көп түрде атала беретіндігін түсіндіре қоймайды. Былайша айтқанда, отандық тарихнамада бұл қаланың орнын анықтау түгілі, атауын көрсетуде бірізділік жоқ.

Тарихшы, археолог, филолог мамандардың тұспалдары мен ой-жорамалдары көп жағдайда сын көтере бермейді. Қазақстан мен онымен іргелес мемлекеттердің зерттеушілері көбіне көне қала орындарын өз елдерінің аумағынан ғана іздестіруге ұмтылатындығы, оны дәлелдеу үшін жалаң дәйекті сөздер айтып, өздерінше соны пайымдау жасауға тырысушылығы байқалады. Дегенмен, көне қалалардың баламалануын анықтауда біздіңше, ең алдымен жазба дереккөздеріне сынмен қараған жөн. Дерек мәтініндегі әрбір жолды, сөз тіркесін мұқият бағамдап, Орталық Азияда орын алған саяси тарихи жағдайларды ескеріп, археологиялық мағлұматтармен ұштастырған әрі көне қытай тіліндегі транскрипцияны тексеріп, салыстырып отырған абзал.

XX ғасыр ортасындағы археологиялық ашылулар нәтижесінде Қазақстанның бірқатар аудандарында өмір сүрген тайпалар мен тайпалық одақтардың орналасуына қатысты пайымдаулар кеңінен жасала бастады. Ендігі кезекте мамандардың көпшілігі археологиялық ескерткіштер ерекшелігіне қарай халықтардың орналасуын зерделей бастады. Сөйтіп, жазба және қазба дереккөздерінің мағлұматтары ұштастырылып, байырғы халықтар мекен еткен аудандарды біршама толыққанды түрде анықтау мүмкіндігі ұлғая түсті. Айта

кететін бір жайт, автореферат көлемінің шектеулі екендігіне байланысты, бұл жерде біз диссертация мәтінінің кейбір бөліктеріне ғана тоқталып кеттік.

Алғашқылардың бірі болып А.Н. Бернштам ежелгі тайпалар мен халықтардың орналасуын анықтауға ұмтылды. Ол іргелі еңбегінде жоғарыда аталған осы екі дереккөздерін өзара байланыстырып ежелгі тайпалардың орналасуына қатысты келелі тұжырымдар жасай білді. Зерттеуші Қазақстан мен Орта Азия жерін мекендеген байырғы этностардың тарихи картасын жасап, оған ерте темір дәуіріндегі тайпалар мен тайпалық одақтарды орналастырады. Мұны қазіргі уақыттағы аудандармен белгілесек, шамамен былай шығады: Әмудария мен Сырдария ортасын тиграхауд-сақтар, Әмударияның төменгі ағысын сакаруктар, Каспий теңізінің оңтүстігін парадарайя-сақтар, шығысын каспылар, олардан шығысқа қарай ийрктер, Арал теңізінің шығысын алан-аорстар, Сырдарияның жоғарғы ағысын апасиактар–скифтер–абиилер–яксарттықтар, Ыстықкөлдің оңтүстік-батысынан Қаратау жоталарын (Оңтүстік Қазақстан аймақтарын) хаомоварга–сақтар, Жетісу жерін исседондар, Балқаш көлінен ары қарай аримаспылар мекендеген. Осыған байланысты А.Н. Бернштам жергілікті археологиялық мәдениеттерді бөліп көрсетуге ұмтылды. Жазба деректемелерге қарағанда А.Н. Бернштам зерттеулеріне ең алдымен археологиялық мәліметтердің көптігі тән екендігін айта кеткен жөн.

Сақтар тарихы мен мәдениетін, ерте темір дәуіріндегі олардан басқа тайпаларды зерттеуге сүбелі үлес қосқан С.П. Толстовтың іргелі еңбектерінде ежелгі тайпалардың орналасуына қатысты көп жайттар қозғалған. Ұзақ жылдар бойы Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясын басқарған С.П. Толстовтың ғылыми ізденістерінің ауқымы зор еді. Аталмыш экспедиция Қазақстан археологиялық ескерткіштерін зерттеуге де мол үлес қосты, жаңа археологиялық мәдениеттерін ашты. С.П. Толстовтың әлі күнге дейін басқа археологтардан айырмашылығы сол, зерттеуші белгілі бір ескерткіштер тобын ерекшеліктеріне қарай белгілі бір тайпа немесе тайпа өкілдері мәдениетімен байланыстыра білді. Бұл автор антикалық дереккөздеріне сүйеніп әрі археологиялық материалдар мәліметтерін ұштастырып Әмудария мен Сырдария өңірлеріндегі орта-азиялық сақтардың төрт тобын атайды. Олар: Жаңадария алабындағы – апасиактар, Қуандария алабындағы – тохарлар, Қуандария мен Сырдария төменгі ағыстары аралығындағы – аугасиилер, Іңкәрдария жоғарғы ағысындағы – сакаравактар. Ол соңғыларын парсы тілінде берілген, грекше өзгерістермен айтылатын хаумаварга-сақтармен үндеседі деп есептеді де, бұлар қалдырған ең ерте кездегі ескерткіштер қатарына Сырдария алабындағы Түгіскен сынды кешендерді жатқызды.

Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының жұмыстарына тығыз араласқан Т.Н. Сенигова темір дәуірінің алғашқы кезеңін көп қарастыра қоймағандықтан, сақ секілді тайпалар одағының орналасуына жалпылама баға берді. Бұл ғалым еңбектерінің бірінде «Алтайдың батыс тау тарамдарынан Памирге дейін және Жетісудан Шығыс Түркістанның солтүстік бөліктеріне дейін б.з.б. VIII-III ғасырларда өзіндік этникалық құрамы әркелкі көшпелі сақ тайпалары өмір сүрді» – деп қана жазды. Автор, негізінен, осы аталған тарихи-

мәдени аймақтарда зерттеулер жүргізген археологтардың ізденістерін жоғары бағалаумен ғана шектелді.

Өткен ғасырдың ортасынан бастап археологиялық мағлұматтар қордалана бастағанымен, жазбаша мәліметтер бұрынғыдай негізгі рөл атқарып қала берді. Мысалы, Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевич сынды археолог-мамандар осы антикалық деректемелерді пайдалана отырып көне тайпаларды былайша орналастырды: «Каспий теңізінің шығыс жағында каспиилер, Эмудария мен Сырдарияның төменгі ағысын массагеттер, Тянь-Шань тау тарамдарын сақтардың өзі, қазіргі Жетісу жерін исседондар мекендеді». Мұнымен бірге бұл зерттеушілер антикалық авторлар абиі, пассиан, тохар, сакаравал, массагет, гомодот, гист, карат, комар, комед, гриней скифтары, тоорп, бельт, т.б. ұсақ бірлестіктер мен тайпаларды айтатындығын жаза келе, абиілерді (су сақтарын) Сырдарияның орта ағысын, Қаратау жотасының беткейлерін, ал караттар Қаратаудың солтүстік және солтүстік-шығыс беткейлерін мекендеген деп есептейді. Шындығына келгенде, отандық тарихнамада археологиялық мәдениеттердің осы тайпалармен байланысы өте әлсіз көрсетіледі. Археологтар көбіне археологиялық нысандардың сипаттамасына бой ұрып, ескерткіштердің кімдер қалдырғандығын жалпылама түрде (сақ дәуірі, сақ-усунь, сақ-савромат, ғұн-сармат, т.б.) көрсете салады. XX ғасырда бұлай жасау осы дәуір ескерткіштерін анықтау мақсатынан туындаса, қазіргі уақытта осылайша бөліп тастау көптеген байырғы тайпалар бірлестігінің орналасуын нақты анықтауға бағыт бола қоймайды. Әлбетте, мұндай атаулар кезінде туыстас тайпалардың үлкен тобын біріктіретін термин ретінде қолданылғанымен, оның жергілікті нұсқаларын анықтайтын кез келіп тұрғандығы жасырын емес. Сол себепті карат немесе абиі сынды тайпалар орналасқан аудандарындағы ескерткіштер классификациясын жасау археологтар алдында тұрған міндеттердің бірі деуге болады.

Белгілі ғалым М.И. Артамонов (1898-1972) сақтардың үш тобының (парадарайа, тиграхауда, хаумаварка) орналасуын анықтау пікір-сайыс туғызып келеді деп, өзі көп жағдайда В.В. Струвенің пайымдауларын қолдап отырды. М.И. Артамонов хаумаварга-сақтар Бактрия маңында өмір сүрді дейді немесе тіпті осы ел халқының құрамында да болуы мүмкіндігін айтты да, олардың Мұрғаб өзенімен байланысты амюргейлермен салғастырылатындығын жазды. Зерттеуші көне тайпалардың орналасуына емес, ғылыми ізденісінде олардың заттай мәдениетіне көбірек көңіл аударғандықтан, оның кейбір көзқарастары әлі де нақтылауды қажет ететін секілді.

Сондай-ақ шығыстанушы-ғалым Н.В. Кюнер көне қытайлық дереккөздерінде сақ (сэ) халқы б.з.б. II ғасырдан бастап белгілі болғандығын, «Шицзи», «Цяньханьшу» сынды деректемелерге қарағанда сақтардың Батыс Түркістанды мекен еткендігін жазады. Зерттеушілердің көпшілігі бұған дейін Орта Азия мен Қазақстанда ерте темір дәуірінде өмір сүрген тайпалар мен халықтардың қытайлықтарға белгісіз болып келгендігін айтады.

Сақтардың және басқа тайпалардың орналасуын арнайы зерттеген қазақ ғалымдарының ішінен М.Қ. Қадырбаев пен К.А. Ақышевты ерекше атап кетуге болады. Саналы ғұмырының басым бөлігін сақ мәдениетін анықтауға арнаған

бұл археологтар б.з.б. VII-IV ғасырлардағы Қазақстан аумағындағы бірқатар тайпалар мен тайпалық топтарды былайша орналастырады: «оңтүстікте бұлар тиграхауда-сақтар, грек деректемелеріндегі массагеттер солар және дахтар (дайлар); батыста савроматтар (ежелгі аорстар), орталық аудандарда – исседондар, солтүстік-шығыста – аримаспылар». Зерттеушілердің айтуынша бұлардың бәрі ру-тайпалық бөлімшелер ретінде тілі жағынан туыс және мәдениеті жағынан жақын сақ және сармат тайпаларының этникалық-мәдени бірлігіне кірген.

Күні бүгінге дейін М.Қ. Қадырбаев, К.А. Ақышевтардың осы мәселеге көзқарастары толық үстемдік құрып тұрғанымен, мұның өзі әлі нақты шешіле қоймағандығын мамандардың біразы кейінгі онжылдықтарда айта бастаған еді. Осы мәселе жайында Н.Е. Масанов бастаған бір топ оқулық авторлары: «Бұл тайпалардың дәлме-дәл локализациясы және этникалық атрибуциясы терминологиясы секілді проблемаға толы, өйткені дереккөздеріндегі ақпараттар қарама-қайшылықтарға толы және әр түрлі мағынада танып-білуге (оқуға) мол орын қалдырады. Мәселен, зерттеушілер әдетте турларды Эмудария мен Сырдария сынды қос өзендер аралығына орналастырады, савроматтарды, аландарды, аорстарды далалы аймақтың батысына, дахтарды, каспилерді Каспийдің батысы мен оңтүстік-шығысына, аримаспыларды өңірдің солтүстік-шығысына, аргиппейлерді солтүстік-батыста, массагеттер мен ортокарибантийлерді Орталық Қазақстан мен Арал маңына, сақ-тиграхаудтарды шығысқа қарай орналастырып жатады және т.с.с. Алайда бұл аталған интерпретациялардың барлығы күмән туғызады және тарихи шындықтан қашық жатыр» – деп жазады. Расын айтқанда, Н.Е. Масанов бастаған ғалымдардың сөзінде шындық бар. Өйткені, кей жағдайларда жоғарыда аталған археологтардың пікірін бірқатар мамандар қолдай бермейді. Себебі, кейбір мамандар тиграхауд-сақтар мен массагеттерді бөлек көрсетеді. Сонымен қатар бірқатар проблемалар әлі нақты шешімін таба қойған жоқ. Айталық, отандық және шетелдік тарихнамада әлі күнге дейін парсы патшасының кімдерге (сақтардың қай тобына) қарсы жорық жасағандығы жайында пікір-талас ашық орын алып отыр. Сондай-ақ кейде «дах-массагет» секілді қосарланған атаулар бойынша да кең алқапқа орналастыра салу орын алған. Бұл әрине кейбір мамандардың бұл этностардың бір екендігін мойындағандығын да көрсетеді.

Ерте темір дәуірінің алғашқы жартысында өмір сүрген бірқатар тайпалық бірлестіктердің қоныстануын, мекен еткен аймағын анықтау зерттеушілер арасынан әлі оң шешімін таппай келеді. Көп жағдайда зерттеушілер бірін-бірі қайталайды. Бұл, сірә, дереккөздерінен алынған мағлұматтардан алшақтап кетпеуден туындайды. Сайып келгенде, ерте темір дәуірінің алғашқы кезеңінде тіршілік еткен тайпалар мен халықтардың орналасуына қатысты көтерілген ғалымдардың көзқарастарын батыстық (кавказдық) және шығыстық (орта-азиялық) деп екіге бөлуге болады. Алғашқылары ерте темір дәуірінде өмір сүрген этностарды Кавказға қарай және ішінара Қазақстанның батыс аймақтарына қоныстандырса, соңғылары Орта Азия мен Қазақстан аумағына жиірек орналастырады. Мәселен, К.Ф. Смирнов исседондарды Оңтүстік Орал

маңына, ал отандық зерттеушілердердің басым бөлігі Жетісу жеріне «қоныстандырады».

